




БҮГІНГІ САНДА



**JAS  
TEHNIKTІŇ  
TALPYNYSY**

3 >>



**BABALAR  
MURASY –  
URPAQQA  
ULAGAT**

4-5 >>



**ÁLEMGE  
QAÝIP  
TÓNDIRGEN  
QATELIKTER**

6 >>



**BESIKTİŇ  
QADIRI**

8 >>

## Түлектер туған жерде...

Қызылорда – көрші елдің беделді ЖОО-да жүздеген түлек оқытуды ұйымдастырған жалғыз облыс. Иә, соңғы 4 жылдан бері Ресеймен қарым-қатынас нығая түсті. Шет мемлекет – жаңа түсінік, жаңа таным. Онда құр қыдырып барғанның өзі ой-өрісінді өзгертеді. Ал білім алудың жөні бөлек. Айтулы университеттерде мықты маман, білікті кадр даярлауға мүмкіндік көп. Былтыр РФ Үкіметінің гранты бойынша білім алған алғашқы түлектердің 31-і елге оралды. Ал 45 студент оқуын магистратурада жалғастыруда. Олардың жайы түсінікті. Ал елге келген түлектердің тіршілігі қалай? Алған білім кәдеге жарап, жұмыс тапты ма?

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Өткен жолы газетімізде «Жастар жылына» орай материал дайындалды. Сонда туған жерге оралған жастардың бірі Еламан Мәндіқұлға хабарласқан едік. Ол – «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің түлегі. Бүгінде «Қызылорда жарығы» ЖШС-да қызмет атқарады. Сөзі салмақты, ойы орнықты екен. Жастарға қатысты ұтымды ұсыныс айтты. Ал бұл жолы шетелдегі жастардың басын қосатын «Орда» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, сырбойлық Ақниет Тобжанға хабарласуды жөн көрдік. Облыстық индустриалық-инновациялық даму басқармасының жас маманы атанған Ақниеттің жұмысы қауырт екенін байқадық. Тілі де, тірлігі де мығым. «Туған жер – темірқазығым» деп елге келіп, еңбекке бар ынта-ымыспен кіріскеніне іштей қуанып қалдық. Сөз арасында Ақниеттен аудандағы өндіріс орындарына аттанған түлектер туралы ақпарат алғанбыз. Солардың бірі – Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-У» ЖШС қызметкері Гүлсезім Раушан.



еткен болар. Бірақ, оған Ресейде оқу мүмкіндігі бұйырады. Осылайша, облыс орталығындағы №253 мектептің түлегі 2014 жылы Қызылордадан Мәскеу Ұлттық технологиялық зерттеу университетіне қабылданған 84 студенттің бірі болды. Онда электроника және нанозлектроника мамандығын меңгерген.

– Мәскеуде жүріп байқағаным, білім алуда сапалы бәсекелестік бар. Оқу, бағалау жүйесіндегі шынайылық тек сөзбен айтылмайды. Расымен қатаң талап қойылады.

Іс-тәжірибені де Мәскеудегі мекемелерде өткіздік. Шетелде оқу барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, облыс әкімінің орынбасарлары біз оқып жатқан қалаға келсе, бізге оқпай кетпейтін. Мұндай елге сыйлы тұлғалардың айрықша көңіл бөлуі – үлкен демеу, бойымызда «Отанға оралған соң міндетті түрде халыққа пайдалы қызмет атқарамыз» деген сенім пайда болды. Жаттандылау көрінер, бірақ сапалы білімнің қарымтасы – тек елге еңбек ету. Тіпті, жұмысқа орналасуға да

аймақ басшылығы тікелей ықпал етті. Өткен жылы оқу бітіріп келген соң облыстық әкімдіктің қызметкерлері хабарласты. Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-У» ЖШС-на маман болып жұмысқа тұруды ұсынды. «Сұрағаның іздемей табылса», қалай қуанбайсың?! Ергеніне бірден өндіріс орнына барып, әңгімелесу кезеңінен сәтті өтіп, жұмысқа қабылдандым. Жастарға деген мұндай қамқорлық өзге елдерде жасала бермейді, басқа облыстарда мұндай мүмкіндік те болмаған. Ел болашағы үшін жасалған мемлекетаралық келісімнің мәнін жақсы түсінеміз, сондықтан қолдау мен қамқорлық танытуда аянбаған аймақ басшылығына алғыс айтамыз, – деді Гүлсезім Раушан.

Қазір ол – күкіртқышқылы цехының инженері. Бір қызығы, Санкт-Петербуртта білім алған түлектердің бірі Жазира Смайлова екеуі бір бөлімде. Басшылық екі жас маманға «үнемді өндіріс» тәсілдерін жетілдіру, ұсыну міндетін тапсырған. Айталық, жұмысшылардың уақытын үнемдеу, өндіріс заттарын, қаржыны тиімді пайдалану жолдарын ұсынады. Бұл үшін, әрине, жұмысшылардың міндетімен қатар, қоймалардың орналасу ретін, қайда не сақталатынын білу өте маңызды. Гүлсезім сөз арасында алғашқы жұмыс орнының өте мықты тәжірибе аланы, ірі өндіріс орны болғанына қуанатынын айтты.

Түйін. Мақаланы жазу барысында «Мәскеу көрген» бірнеше түлектермен тілдесіппіз. Бірі де шағым айтып, уайым білдірген жоқ. Демек, бұл «жұмыс жайлы, көңіл тоқ» деген сөз. Жалпы, қазіргі уақытқа дейін Мәскеу Ұлттық технологиялық зерттеу университетінде – 150, МҮТЗУ-ның Орынбор облысы Новотроицк қаласындағы филиалында – 17, Мәскеу энергетикалық институтында – 16, К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеттерінде – 106, Санкт-Петербург мемлекеттік өндірістік технология және дизайн университетінде 116 студент білім алуда.

2014 жылы облыс әкімдігі мен Ресейдің маңдайалды жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қоюның мақсаты, мектеп түлектерінің ең үздіктерінен аймаққа кадр дайындау еді ғой. Енді Сыр елі «қалың қылып жылдарды, бағындырып шырларды» елге оралған жастардан тек нәтиже күтеді.

Дерек пен дәйек. 2014 жылдан бастап Ресей Федерациясының жетекші техникалық ЖОО-да облыс мектептерінің 405 түлегі білім алуда. Өткен жылы алғашқы 74 түлек оқуын бітірді. Олардың 45-і магистратурада оқуларын жалғастыра, 19 түлек аймақтағы ірі кәсіпорындар мен мекемелерге жұмысқа орналастырылды.

**МӘСКЕУДЕН – «СКЗ-У»-ҒА**

Гүлсезім оқушы кезінде шекара асып, білім алу туралы мүлде ойламапты. Мүмкін оқушылар арасындағы «ең жоғары білім Астана мен Алматыда» деген стереотип әсер

**BASTAMA**

## «ӨЛКЕТАНУ» ОҚУЛЫҒЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында туған жердің әрбір перзенті сол өлкенің тау-тасы мен қырқасы, сондай-ақ, ел есінде қалған дара тұлғалары туралы терең біліу керектігін атап өтіп, осы тұрғыда орта мектептерде «Өлкетану» оқыту курсының енгізу жөнінде арнайы тапсырма берген болатын. Бұсы бастама аясындағы алғашқы қадам біздің аймақтан бастау алды.

Ғазиза ӘБІЛДА.



Дәлірек айтсақ, облыстық оқу орталығы әзірлеген Қызылорда облысы бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің 5-7-сыныптарына арналған

«Өлкетану» оқулығы 2019 жылдың басынан қолданысқа енгізілді. Осы орайда М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінде өткен

жаңа оқулықтың тәуасқуер шарасына облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысты.

– Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел дамуының негізгі төрт бағытын атап көрсеткен болатын. Олар тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалау, әлеуметтік бағдарланған қоғам құру, макроэкономиканы қалыптастыру және қоғамдық ойды қайта құру мәселесі. Осының ішінде қоғамдық ойды қайта құру бағытында ұлттық ұстынымызға сай тарихи тағалымымыз бен достырлі құндылығымызды сақтау, оны келесі ұрпаққа табыстау – мемлекеттің саясаттың басым бағытының бірі. Бұл орайда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында білім саласын дамытудың бірнеше нақты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі орта мектептерде «Өлкетану» оқу курсының енгізу болатын. Өткен жылдың соңында «Білім» басыпаны жарық көрген жаңа оқулық биылғы жылдан бастап оқыту бағдарламасына енгізіліп отыр. Өскелең ұрпаққа өлке тарихын танытуда бұл оқулықтың орны ерекше, – деді Р.Рүстемов.

Шара барысында оқулық авторлары облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Әшірбекова, М.Мәметова атындағы жоғары колледж директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Бақытжан Сайлыбаев, Қорқыт ата атындағы КМУ доценті, тарих ғылымдарының докторы Дастан Сәтбай «Өлкетану» курсының өзектілігі мен мазмұны туралы баяндап берді. Олардың айтуынша, оқулыққа «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Музыка», «География» пәндерінен Қызылорда өңіріне тікелей қатысты тақырыптарға сай мәліметтер 20 тараумен орналасқан. Аймақ тарихына, географиялық ерекшеліктеріне, әдебиеті мен музыкасына қатысты деректер әрбір оқушының туған өлкесін жан-жақты әрі терең тануына жол ашады. Оған қоса, ізденіс жұмыстары, білімін тексеруге арналған сұрақтар оқушының жас ерекшелігіне сай нақты әрі қызықты етіп құрастырылған. Тақырыпқа байланысты термин сөздерге түсініктеме беру айдары енгізілген.

## ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 190 Жарлығына сәйкес, 2019 жылғы 13 ақпан сағат 11.00-де Н.Бекежанов атындағы облыстық казак музыкалық драма театрында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі өтеді.

Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған.

**Арал ауданы бойынша:** аудан әкімі аппараты, Арал қаласы әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйінің ғимараттары.

**Қазалы ауданы бойынша:** Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы әкімі аппараттарының, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы теміржол вокзалы, «Талап» автостанциясы, «Ырыс-Болашақ» базары, Қазалы қалалық мәдениет үйі ғимараттары.

**Қармақшы ауданы бойынша:** Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары.

**Жалағаш ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жалағаш кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық емхана, №202 орта мектептің ғимараттары.

**Сырдария ауданы бойынша:** Тереңөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлық-техникалық колледжі, №35, №36, №210 және №131 орта мектептер ғимараттары.

**Шиели ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Шиели кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, теміржол вокзалы, «Арман» мәдениет үйі, №47, 219 орта мектептер ғимараттары.

**Жаңақорған ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жаңақорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары.

**Қызылорда қаласы бойынша:** Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Жайна», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жаңа базар» базары ғимараттары.

**Ескертпе:** Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан.

**BOLJAM**

## ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

Қазір әлем экономикасының жағдайы бұрынғы қай кездегіден де күрделі сипат ала бастады. Жақында Халықаралық валюта қоры 2019 жылға арналған экономикалық болжамын жариялады. ХВҚ болжамы бойынша 2019 жылы сауда соғысы салдарынан әлемдік экономика 1,52 трлн доллар табысынан айырылады. Бұл өз кезегінде жаһандық нарықтың 17 пайызға қысқаруына және жалпы ішкі өнімнің 1,9 пайызға азаюына алып келеді. Халықаралық валюта қоры экономиканың жылдық өсімі 3,7 пайыз болатынын, бұл өсім жыл өткен сайын баяулап, 2022-2023 жылдарға қарай 3,6 пайызға тұрақтайтынын, яғни әлемдік экономика ұзақ уақыт рецессиялық кезеңде болатынын айтады. Мына қызықты қараңыз, орыс, кеңес экономисті Кондратьев, бұрын газетімізде жазғанымыздай, бұл құбылысты осыдан 80 жыл бұрын болжаған еді.

Алдағы айларда экономикамызда қандай үдерістер орын алады: даму бола ма әлде кері кете ме? Сарапшылар не дейді?

2-бет.



**ISKER ÁIEL IZDENISI**

## ТАБАНДЫЛЫҚ – ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ



Қызылордада Кәсіпкерлер палатасы жанындағы Іскер әйелдер кеңесі өңірдегі қыз-келиндер кәсібін өркендетуіне үлес қосуда.

Өткен жылы «Атамекен» ҰКП жанындағы Іскер әйелдер кеңесі мен «Халық Банк» арасында қол қойылған меморандум нәтижесінде банк кәсіпін айналысқысы келетін қыз-келиндердің ісін несиелендіруге 2 млрд теңге қаржы бөлінген еді.


Осы қаржыдан 8 млн теңге жеңілдетілген несиелік алып, кәсібін кеңейткен жандардың бірі – қызылордалық Данила Таңқыбаева, – деп хабарлайды Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

Данила Болатқызы елімізде шағын және орта бизнеске көңіл бөліне бастаған 2005 жылы облыста алғашқылардың бірі болып «Грация» сұлулық салонын ашты.

2-бет.



# ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛҒА СЕРГЕКТІК ТӘН



Елбасы жергілікті атқарушы билікке үш талапты әрдайым назарда ұстауды тапсырғаны белгілі. Оның біріншісі – қоғамдық - саяси ахуал тұрақтылығы, екінші – жаңа жұмыс орындарын ашу және салық түсімін арттыру.

Кеше өткен облыстық ішкі саясат басқармасы жанындағы алқа мәжілісінде аталған талаптың алғашқысы талқыланып, аймақтағы нақты жағдай сараланды. Алқа мәжілісіне облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы бастысының міндетін атқарушы Ә.Қорғанбаев, қала және аудан әкімінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімінің басшылары қатысты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА,  
Назерке САНИЯЗОВА.

Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов басқарманың миссиясы қоғамдық саяси ахуалды зерделеу екендігін, әрбір мәселеге сергектік табыту керектігін еске салды. Ең бастысы – халықтың мүддесіне қызмет ету, бұл орайда уақыт көшінін қалмауы басты талап.

Бұл ақпарат заманы. Сол себепті ақпарат алмасуға сақалдай-сай болуымыз керек. Уақыт шапшаңдықты талап етеді. Әлем бойынша халықтың 65 проценті әлеуметтік желіні пайдаланатын болса, біздің елімізде бұл көрсеткіш – 80 процент. Жеделдікке ілесу арқылы біз халыққа кез келген мәселеде

нақты, дәл ақпарат бере аламыз, – деді Руслан Рүстемов.

Аймақта ақпарат алмасуды жеделдету бағытында «Ақимат-24» электронды карта-сы енгізілген. Мұның өзектілігі сол, картада аймақтың қоғамдық-саяси ахуалы айқын сезіліп тұрады. Алқала бұл мәселеге барлық аудандар сергек болуы тиістігі атап айтылды. Себебі, кейбір аудандардың әлі де ақпарат алмасу жылдамдығы үдеген шықпай отыр.

Жыын барысында талқыланған тағы бір мәселе – өңірдегі діни ахуал. Аймақта діни ахуал тұрақты дегенмен, дәстүрлі емес діни ағымға кіріп кеткендер санының тұрақты

болуы алаңдатады. Бұл мәселе бойынша баяндама жасаған облыстық ішкі саясат басқармасының діни істері бөлімінің басшысы Ерусұлтан Есов ұсынысын жеткізді.

Алқала қоғамдық-саяси ахуал барысы бойынша барлық ауданның жай-күйі тыңдалып, талқыланды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов күн тәртібіндегі мәселеге талдау жасап, алдағы атқарылар жұмыс барысына тоқталды.

## «Сыр медиа» академиясы қызмет көрсетеді

Мәжіліске қатысқан өкілдер алдымен «Рухани жаңғыру» орталығы, қалалық музей және «Сыр медиа» серіктестігінің тыныс-тіршілігімен танысқан болатын. Сырдарияның сол жағалауында бірінші болып былтыр күзде «Рухани жаңғыру» орталығы мен қалалық музей ғимараты бой көтергені белгілі.

Ғимарат 1925 жылы бұған дейін «қырғыз-кайсақ» атанып келген ұлттымызға «казак»

атауын қайтарып беру туралы тарихи шешім қабылданған Қазак Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызба-нұсқасы негізінде салынды. Мұнда келушілер 3 залдағы құнды жәдігерлер арқылы өңірдің өткеніне көз жүгірте алады. Бірінші зал Қызылорда қаласының, Алаш партиясының құрылу тарихына сыр шертсе, екінші зал қаланың Астана болған жылдар аралығындағы шежіресін қамтиды. Оған бөлек, 1938-1990 жылдардағы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін, қаланың тәуелсіздік жылдарындағы көрінісін тамашалауға мүмкіндік бар.

«Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс барысымен қонақтар орталықтың бөлім басшысы Гүлмира Әшірбекова таныстырды. Белгілі болғандай, өткен жылы өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты 185 ауқымды шара ұйымдастырылды. Осы бағыттағы жол картасында көрсетілген 64 жоба орындалса, 17 жоба биыл жалғасады. Соның бірі – «Қорқыттың даналық сөздері» кітабы облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен көп ұзамай үш тілде жарық көрмек. Ал «Сыр бойының сакралды ескерткіштері» жинағы үшін қажетті материал топтастырылып жатыр.

Облыстық, қалалық, аудандық басылым-

дар мен «Қызылорда ньюс» интернет газеті, ақпараттық талдау орталығының басын біріктіретін «Сыр медиа» мекемесі 2010 жылы құрылып, 2012 жылы жауапкершілігі шектеулі серіктестік мәртебесін алды.

Қонақтарға жұмыс барысы туралы баяндаған серіктестіктің бас директоры Аманжол Онғарбаев:

– 2013 жылы жаңа ғимаратқа көштік. Қазіргі күні серіктестікте 574 адам еңбек етеді. Өрбір басылымның өз алдына сайты бар, оқырман осылайша аймақ, ел және әлем жаңалықтарынан ұдайы хабарлар болып отырады. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен өткен жылы әріптестеріміз Астана, Алматы, Мәскеу қалаларында болып, тәжірибе алмасып қайтты, – деді.

Осы орайда басылым қызметкерлерінің білімін арттырып, тілшілерді салалық журналистикаға бейімдеу және өзекті тақырыптарды талқылау мақсатында «Сыр медиа» серіктестігі жанынан «Сыр медиа» академиясы құрылды. Академия алаңында білікті мамандар дәріс бермек.

Сонымен қатар, қонақтар ақпараттық талдау, дін мәселелерін зерттеу орталықтары және серіктестік жанынан ашылған радиостудияның жұмысын көрді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙНАСЫ

Айнұр БАТТАЛОВА.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абзал Мұхымов өткен жылы салада атқарылған жұмыстарды саралады.



Оның айтуынша, облыстағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны 3691 бірлікті құраса, мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 3611 адам. Яғни, бүгінгі күнге 80 бос орын бар. Былтыр жергілікті атқарушы органдардан 48 қызметші кеткен. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге аз.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін – 15, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін – 2 қызметкер жұмысынан кеткен. Мемлекеттік қызметке кіру тәсіліне 2703 адам қатысып, 1000 үміткер шекті мәннен жоғары нәтиже көрсетті. Құқық қорғау органдарына алғаш кіретін адамдардың тәсіліне 1717 адам қатысып, 828-і тәсілден өтті. Былтыр мемлекеттік органдарда 1216 бос лауазымға орналасуға конкурс өтті. Нәтижесінде 777 үміткер қабылданды, – деп атап өтті департамент басшысы.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтерін сапасындағы заңнаманың сақталуы бойынша департамент тарапынан 74 тексеру жүргізіліп, 5670 заң бұзушылық анықталыпты. Сонымен қатар, қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 130 мемлекеттік орган мен мекемеде «Жасырын сатып

алушы» тәсілімен 174 мәрте қоғамдық бақылау шарасы жүргізіліп, 123 бұзушылық белгілі болған.

Былтыр, сондай-ақ, әдеп жөніндегі кеңестің 13 отырысы өткізіліп, онда 68 мәселе қаралған.

Департамент ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы талабына орай жұмыс тәртібінің сақталуын бақылау шараларын жүргізіп келеді. Осыған орай облыс әкімдігіне қарасты 17 басқармада жұмыс аяғында компьютерлерді автоматты түрде өшіру бағдарламалары орнатылды.

– СКУД жүйесі арқылы қызметшілердің жұмыстан қайту уақыттарына талдау нәтижесінде облыстық мекемелер үйінде қазан айында мемлекеттік қызметшілер 240 сағат 14 минут, ал қарашада 156 сағат 45 минут, желтоқсанда 53 сағат 30 минут кідіргені анықталды. Бұл көрсеткіш қыркүйек айында 791 сағат болған. Яғни, профилактикалық шаралар нәтижесінде қызметкерлердің жұмыстан кейін кенседе қалу фактілері азайып жатқанын байқауға болады, – деді А. Мұхымов.

Есепті кезеңде «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексе баптары бойынша 46 өкімшілік іс қозғалып, мемлекет пайдасына 2 167342 тенге өндірілген.

## ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

Қайырбек Арыстанбеков, Экономикалық саясат институтының директоры: «Банк секторының тұрақтылығы маңызды – 2019 жылы банк секторында 2018 жылы басталған қайта қосылу үрдістері жалғасады деп ойлаймын. Екіншіден, басқа секторлардан гөрі банк секторы мемлекет қолдауына ие болып отыр. Үшіншісі, салық салу тұрғысынан бүкіл банктердің мемлекеттік бюджетке төлейтін салықтары 1%-ке жетер-жетпес шамада. Демек, салық саясаты тұрғысынан банк секторы үлкен жеңілдікке ие. Басқа секторлармен салыстырғанда, банк секторына мемлекет тарапынан түбегейлі қолдау көрсетіліп отыр. Әсіресе, Ұлттық қордан бұл саланы тұрақтандыруға бірнеше триллион қаражат бөлінді. Банк секторының ұлттық экономикаға қызмет ету деңгейін көрсететін бір индикатор бар. Ол – экономикадағы несиелі мөлшері. Жалпы ішкі өнімге шаққанда, бізде 32% көлемде. Бұл – шетелмен салыстырғанда, ең төменгі көрсеткіш. Мысалы, дамыған, дамушы елдерде 80-

90, тіпті 120%-ті құрайды. Демек, біздің елдегі банк секторы өзінің заң бойынша жүктелген функциясын орындай алмай отыр. Меніңше, 2019 жылы осы үдеріс жалғасады».

Бірақтар сарапшылар сондай-ақ Ұлттық банктің өткен жылдардан бері қарай жүргізіп келе жатқан саясатын инфляциялық таргеттеу режимін ұстап отырғанын білдіреді. Инфляциялық таргеттеу режимі өте дұрыс. Себебі, мақсатты түрде арнайы дәлдік ішінде инфляцияның деңгейін ауыздықтап, бірте-бірте түсіріп келе жатқанын байқаймыз, – дейді сарапшылар.

Егер инфляция төмендейтін болса, онда халықтың қолындағы қаражат құнсызданбайды. Жұрттың алып жатқан еңбегіне, нақты жалақысы құнды болады. Төлем қабілеті сақталады. Бұл халық үшін тиімді. Алдағы уақытта да 2020 жылы инфляциялық таргеттеу саясатына байланысты Ұлттық банк инфляция деңгейін 4%-тен асырмайтынын айтып отыр. Тенге құнды бола бастайды. Ал енді екінші жағы бар. Ол енді жалғыз ғана Ұлттық банктің қолынан

келмейді. Тенгенің құндылығын сақтау үшін үкімет Елбасы қойған міндеттердің орындалуына ерекше көңіл бөлу керек. Сол кезде ғана экономикада өсім болады. Тенге құнсызданса, бірінші кезекте халықтың төлем қабілеті нашарлайды.

Инфляцияға қатысты жағымды жаңалық – жаңа жылдан бастап Қазақстанның бірқатар өңірлерінде коммуналдық қызмет тарифтері төмендеді. Бұл тікелей Елбасының тапсырмасымен жүзеге асырылған тірлік болатын. Шындығын айтқанда, біз өз тарапымыздан алғашқыда мұны тосыңқырап қабылдадық. Ел тәуелсіздік алғалы коммуналдық сала тарифтері экономиканың басқа салаларындағы сияқты ұдайы өсумен келеді. Жарық, су, жылу деңгейі... Ал жаңа жылдан Ақмола облысында жылу тарифі шаршы метр үшін 116 теңгеден 73 теңгеге дейін, бірден 36,8 процентке арзандаған. Жылу тарифі Ақтөбеді, Түркістанда, Жамбыл облысында 10-15 процент, Алматы қаласында газ бағасы мың текше метр үшін 12 процент арзандаған. Жалпы есеп бойынша қазақстандықтар бұл шарадан

жылына 6-7 млрд тенге үнемдейтін болады. Қызылорда «Энергосервис» ЕЖШС көшпен қалыспайын деді ме, 2019 жылдың 1 қаңтарынан электр қуатының бағасын 0,72 процентке төмендетіп отыр. Бірақ олар Қызылордада электр энергиясының бағасы 2016 жылдың сәуір айынан 2019 жыл аралығында 9,8 процентке төмендегенін айтады.

Әлбетте, осының барлығы жақсылықтың нышаны. Табиғи ресурстардың барлығы өзімізде өндірілетіндіктен, ішкі рынокты реттеу өз қолымызда екені белгілі. Алайда осының барлығы міндетті түрде Президенттің араласуымен шешілуі керек пе? Бізде бағаның өзіндік құнына қатысты қандай түйткілдер бар? Осы жағы бізде қаншалықты сақталып отыр? Қвзимемлекеттік кәсіпорындармен не істейміз? Экономистер осы сауалдарға оңды жауап беріпсе, Қазақстан экономикасында теріс сілкіністер болмайтынын айтады.

Бұл орайда, әлбетте, бізге қатысты емес сыртқы факторлардың қаупін ескермесек және болмайды...

Ж.ӘЛМАХАН.

## ТАБАНДЫЛЫҚ – ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ



Қай-қайсысын алсақ та, сұлулық салондарында тек тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары, өз ісінің шеберлері қызмет атқарады. Өріптестерімізбен бір үлкен отбасы секілдіміз, әріптестердің ой-пікірлерін тыңдап, олардың тың идеяларын жүзеге асыру жұмыстың жақсы жүруіне ықпал жасайды. Шаштараз мастерлері, косметолог-визажистеріміз, маникюр шеберлері тек Қазақстан аумағында ғана емес, шет ел-

дерге де барып, біліктіліктерін арттыру курстарына, оқу семинарларына, мастер-класстарға қатысып тұрады. Өз салондарымызда да түрлі оқу семинарларын ұйымдастырып тұрамыз. Бұдан бөлек, біздің қызметкерлер әлеуметтік кампанияларды, яғни міндетті зейнетақы төлемдері, әлеуметтік сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру қызметтерімен қамтамасыз етілген», – дейді кәсіпкер келіншек.

Оның айтуынша, іскер келіншектерді жеңілдетілген несиені қамтамасыз ету 2018 жылдың басты жаңалығы болған. Ол Қызылордада Іскер әйелдер кеңесінің қолдауымен «Халық Банкінен» 8 млн теңге несиені алып, салонның кеңейтуге мүмкіндік тапты. «Әрине, несиені қолма-қол берілмейді. Банк тарапынан несиенің мақсаты жұмсалуды қадағаланып, аударымдар

жүргізілді. Несиені рәсімдеу қолдау көрсеткені үшін аталған әйелдер кеңесінің төрайымы Жанна Амановаға алғысымды білдіремін», – дейді ол.

Мұнан өзге ол әйелдер бизнесіне жасалып жатқан қолдауды айтуда өңірлік Кәсіпкерлер палатасының және Палата жанындағы Іскер әйелдер кеңесінің орны ерекше екендігін атап өтті.

«Бизнесің жоспарлау, ашу, ұйымдастыру, жүргізу, жарнамалау, яғни SMM бойынша үнемі семинар-тренингтер тегін ұйымдастырып келе жатыр. Тренингтер барысында тәжірибе алмасу, табысты басқару, жалпы кәсіпкерлік саласының барлық қыр-сыры үйретіледі. Тек Қызылорда облысы бойынша ғана емес, бүкіл ел аумағындағы білікті кәсіпкерлермен кездесу, олардың тәжірибесімен бөлісу бойынша да түрлі кездесулер ұйымдастырылуда. Тіпті, шет елдерден SES эксперттер шақыруға болатын мүмкіншіліктер де бар», – дейді кәсіпкер.

Данила Таңқыбаева алдағы уақытта сұлулық индустриясына қатысты білікті мамандар даярлайтын оқу орталығын ашуды жоспарға алыпты. Сәттілік тілейміз!

Қ.НАРКЕН.



# "TSIFRLYQ QAZAQSTAN"

"Syr boyi" gazetiniñ arнайы beti



JASTAR JYLY

## ЖАС ТЕХНИКТИҢ ТАЛПЫНЫСЫ



Бүгінде IT саласы мамандарына сұраныс жоғары. Технология тілін түсінетін, оны бес саусақтай білетін жандарға жұмыс дайын десе де болады. Болашақта бұл мамандықтың беделі артпаса, кемімейтіні анық. Себебі, жаһанда технология күн санап қарыштап дамып келеді. Сондықтан жастар да бұл бағытқа қарай бет бұрды. Олардың жобаларына арналған түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Кәдеге асатын жұмыстарды жүзеге асыруға қолдау да жасалады. Болашақта IT саласының білікті маманы болсам деген жастың бірі – қызылордалық Оралбек Абдуллаев.

☞ Сара АДАЙБАЕВА.

үздік шәкірттердің бірі. Мұндағы балалар түрлі жарыстарға қатысып, биіктен көрініп келеді.

Жас техник алғашқы жұмыстарының бірін «Hackday» фестивалінде сынап көрді. Ол «FF-Orda» жобасы деп аталды. Жоба қаладағы кез келген тамақтану орны, ойын-сауық орталықтары жайында 3D форматта акпарат беріледі. Алды ала тапсырыс қабылдап, төлемәкіларды электронды түрде жүзеге асырады. Бұл уақытта үнемдеуге үлкен мүмкіндік беретін жоба болды.

Дарынды жас 2017 жылы «Kaz Robotics» федерациясының ұйымдас-

тыруымен өткен халықаралық робототехникалық спортының облыстық кезеңінде 1-орынды иемденді. Өткен жылы осы халықаралық фестиваль Петропавл қаласында өтіп, 4-орынды еншіледі. Оған көптеген елдерден талантты жастар қатысты. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Робофест-2018» облыстық фестивалінде Биатлон сайысынан жүлделі бірінші орынды алды.

Бұдан бөлек, Оралбек – «Газ-анализатор» жобасының авторы. Бұл жұмыс көпшіліктің көңілінен шықты. Бүгінде дарынды жастың жобасы барлық тест-

терден өтіп, қолданысқа дайын. Жоба жайында нақты айтар болсақ, негізгі мақсаты тұрмыстық жағдайда әрбір үйде пайдаланып отырған газдың мөлшерін анықтап, ауадағы отынның үлесі қауіпті деңгейге жеткенде үй иесінің смартфонна хабар келеді. Осылай оқыс оқиғаның алдын алады. Қазіргі таңда Оралбек ұстазы Серікбол екеуі бірігіп, үлкен жобаны қолға алып, дамытып жатқанын білдік. Нақты айтар болсақ, мүгедек жандарға үй қызметінде көмекші робот жасап шығармақ. Дыбыспен басқарылатын робот болме ішінде 50 келіге дейінгі салмақтағы затты тасып, еден жуады, шаңсорғыш қызметін атқарады. Бұл жобаның алдағы уақытта өз жемісін беретініне сенімі мол. Оралбек тағы да байқауға қатыспақ, жоба 3D шаптаразы деп аталады.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін жас техниктің жоспарланған жұмысы көп. Бізде Оралбектің болашағынан зор үміт күтеміз.

Кейіпкеріміз сөз соңында осы салаға деген қызығушылығын оятып, бағыт берген С.Әлжіков атындағы №144 орта мектептің мұғалімдеріне алғысын білдіретінін жеткізді.

## ТІЛДЕСУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫН ОЙЛАП ТАПТЫ



Бүгінде мобильді қосымша, элеуметтік желілер нарығы қарқынды дамыған. Осыдан мобильді қосымшалардың арнайы бағдарламасын жазатын мамандарға деген сұраныс артып келеді. IT мамандарына қарағанда, осы дүниеге икемді жандардың алатын жалақысы да едәуір жоғары. Содан болар, қазір жас буын заман ағымына қарай қамданып, болашақта сұраныста болатын жаңашылдықтарды меңгеруге ынталы.

☞ Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Тың идеялардан кенде емес. Ең бастысы, жанарында оты, жүрегінде жалыны бар жас инноваторларға қолдау зор. Олардың шеберлігін шыңдап, мақсатын айқындау бағытында түрлі байқаулар да ұйымдастырылып жүр. Осындай сайыстардың бірінде бірқатар жобаға назарымыз ауған болатын. Расында, веб-сайттар мен мобильді қосымшаларды жасайтын құрастырушылар арасында ұйымдастырылған «Hackathon» жарысында біз дарынды жастардың көптігін аңғардық. Мұндағы қатысушылар бір-бірінен аспаса, кем түспеді. Соның ішінде НЗМ оқушылары ұсынған дүниелер елең еткізді.

Зияткерлік мектептің Нұрбол Бижігіт, Анастасия Денисова және Тоғжан Есжоба есімді оқушылары тілдесудің жаңа құралын ойлап тауыпты. 11-сынып оқушылары жана элеуметтік желінің бағдарламасын өздері жазып шыққанын айтады. Платформа тегін хостингте орналастырылған екен.

– Ғаламторда бағдарламалау тілін меңгеруге көмектесетін платформалар көп. Көбіне соны пайдаға жаратамыз. Одан бөлек, оқу ошағында теориялық білім практикамен ұштасалы. Жоба жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Анар Кенесарының қолдауының арқасында біз білім бәсекесіне қатысып, жана желіні таныстыруға мүмкіндік алдық. Ол қолдануға өте ыңғайлы, дербес деректер криптографиялық қорғаумен қамтылған. Аудиожазбамен алмасуға мүмкіндік бар. Алғашқы тіркелушілер сыныптастарымыз болды. Алдағы уақытта замандастарымыздың арасында кең таралатынына сенеміз. Қуантатыны, IT жана жастар» тақырыбын қамтыған

осы «Hackathon-2018» сайысында мүмкіндігіміз жоғары деңгейде көрсете алғандығымыз. Сарапшы мамандар да қолға алған ісімізді құптап, жеңімпаз деп таныды. Бәсі биік бәсекеден озық шығып, қаржылай қолдауға да ие болдық. Бұл бізге үлкен мотивация берді, – дейді Н.Бижігіт.

Әңгіме барысында жас өрендер тақырыпқа қатысты ойын да ортаға салды. Олардың айтуынша, ТМД елдерінде адамдар көбіне тегін ресурстармен жұмыс істеуге қалыптасып калған. Біз желіде отырып, кинотуындыларды, немесе басқа да шығармашылық өнімдерді сатып алуға бейімделмегенбіз. Тегін балама іздейміз. Алайда, көп елдерде авторлық құқыққа аса мән беріледі, бұл еңбектер сатып алынғаннан кейін ғана пайдаланылады. Енді осы нәрсеге басымдық берілсе, біздің нарықта да өзін коммерциялық тұрғыда ақтайтын, сәтті жүзеге асыратын қосымшалар, желілер көбеймек. Расында, қай істің болмасын, ебін тапсаң, дөңгелентуге болады. Ол үшін өзіне деген сенімділік, талап пен табандылық керек. Мәселен, ағылшындық Адам Хилдрет бозбала шағында жана элеуметтік желі ашып, күтпеген жерден таңымал атанған екен. Ол сол уақыттары «Coca-Cola» сынды компаниялардың маркетингтік стратегиясын ұтымды пайдаланып, «Dubit Limited» компаниясын құрыпты. Ал, небәрі 5 жылдан соң 19 жасында BBC оны Ұлыбританияның ең бай жасөспірімдерінің бірі ретінде мойындаған. Қазіргі табысы – 3 700 000 миллион. Жоғарыда айтқанымыздай, мұндай табысқа жету үшін сенім мен қолдау керек. Осыны сезінген бұл өрендер көп күттірмей бізге бір серпіліс әкелері сөзсіз.

## КАРШЕРИНГ ҚАЗАҚСТАНҒА ДА ЖЕТТІ

Дамыған мемлекеттерде каршеринг деген бар. Бір сөзбен айтқанда, автокөлікті жалға алу қызметі. Қазақстанға жеткеніне көп бола қойған жоқ. Шарты оп-оңай. Кез келген адам ұялы телефонына арнайы бағдарламаны жүктейді. Жеке басын растайтын ақпаратты толтырып, банк картосына тіркейді. Содан кейін әлгі бағдарлама арқылы жақын маңдағы көліктің тұрған орнын анықтап, бір айналыс келуге болады. Ақысы минут бойынша қойылып, темір тұлпарды пайдаланған уақытпен есеп айырысасыз. Жол-көлік оқиғасы бола қалған жағдайда қарастырылатын сақтандыру полисі, одан бөлек, жанармай, автотұрақ, көлік жуу мен жөндеу шығыны сіз төлеген ақшаның ішінде.

☞ Назерке САНИЗОВА.

Елімізде көлікті минуттық брондау жүйесін қолданысқа енгізіп, жүзеге асырғандар санауды ғана. Солардың бірі – қармақшылық Нұрсұлтан Пәрімбетов. Нұрсұлтан – Ақай елді мекеніндегі №99 орта мектептің түлегі. Одан кейін Байқоңыр қаласындағы радиотехникалық техникумды, Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін бітірді. Автокөлікті жалға беру жүйесін жерлесіміз Ресейде оқып жүргенде бастапты. Елге оралған соң ол ісін жетілдіре түсті. Аталған жүйе өзінге Алматыда ғана бар. Өне-міне дегенше Астанаға, біртіндеп басқа қалаларға да жетеді.

– Көліктер электронды жүйемен

жабдықталған. Оны тізгіндеу үшін иесімен бетпе-бет жолығып, келісудің қажеті жоқ. Бәрі бір ғана мобильді жүйенің көмегімен орындалады. Үлкен қалаларда көліктер көбіне ауада немесе кенсе алдында пайдаланылмай бос тұрады. Каршеринг оның тоқтамай жүруіне, ақша айналыруға мүмкіндік береді. Ал екінші тарап қалаған жеріне барып, шаруасын бітіре алады, – дейді Нұрсұлтан.

Бұл дүние бізге таңсық болғанымен, шығу тегінен әрде жатыр. Автокөлікті жалға берудің дәстүрлі әдісі XX ғасырдың басында пайда болды. 1912 жылы Мартин Сикет Еуропадағы алғашқы компанияны құрды. Ол



айналдырған үш көлікпен жұмысын Германияда бастады. Атауы ауысқанмен, компания әлі күнге жұмыс істеп тұр. Бүгінде каршеринг Солтүстік Америка, Еуропа мемлекеттері мен Жапония, Корея, Үндістан, Австралияда кеңінен қолданылады.

Біздің елде пайдаланыла бастағаны енді ғана. Қаладағы кептелісті азайту мақсатында Нұрсұлтан ұсынған көлікті жалға алуға арналған мобильді қосымша елеусіз қалған жоқ. Жуырда жерлесіміз «Nuritech» республикалық инновациялық жобалар байқауының «Элеуметтік инновациялық жоба» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 1 миллион теңге көлеміндегі қаржылай

сыйлықты еншіледі.

Жүлде қоры 5 миллион теңге болатын байқауға қатысу үшін мыңнан астам өтініш түскен. Оның 30 шактысы шешуші сыңға жолдама алды. Комиссия мүшелерінің назарына негізінен экология, робот техникасы, баламалық қуат көздері, IT, медицина, фармацевтика, жол қозғалысының қауіпсіздігі салаларындағы жобалар ілінкі.

Нұрсұлтан мұндай шаралар өзі секілді талантты жастардың талабын ұштап, шығармашылығын жетілдіруге көмектесетінін айтады. Оның ендігі ойы – Ресейде жинаған білімін қазақ елінің игілігіне жаратып, IT саласын дамытуға шама-шарқына үлес қосу.

## БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

8-11 қаңтар аралығында АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында CES (Consumer Electronics Show) болашақ технологиялар көрмесі өтті, – деп жазады massaget.kz.

Әлемге әйгілі компания жыл сайын ұйымдастырылатын шарада стартаптармен бірге болашақ технологиялардың прототиптерін де ел назарына ұсынады. Бұл жолғы көрмеге қандай жаңа технологиялар қойылды? Сол туралы аз-кем айтайық.

Procter & Gamble CES көрмесінде өзінің Орті құрылысын таныстырды. Құрылыс адам терісіндегі жаракаттар мен безеулерді автоматты түрде оқиды. Ол үшін құрылыс жоғары жылдамдықпен жұмыс істейтін арнайы камераларды пайдаланады. Орті терідегі түсі басқаша жерді іздеп табады да ол жерге крем жағады. Құрылыс қарапайым принтер сияқты жұмыс істейді. Тек оның ішінде сия орнында минералдар мен түрлі индигенттерден құралған тональді крем болады. Компания мамандарының айтуынша, құрылыс ұдайы пайдаланатындар тері ауруларынан құтылады.

Ал Samsung The Wall деп аталатын модульді теледидарды таныстырды. Көптеген блоктан тұратын теледидарды қалағаныңызша үлкейтеу немесе кішірейтуге болады. Әр блогы MicroLED диодты технологиясы арқылы жұмыс істейді. The Wall дисплейін 8K өлшеміне дейін үлкейте алады.

LG компаниясы көрмеге 65 дюймді OLED экранымен жабдықталған Signature теледидарын әліп келіпті. Оның ерекшелігі, түймелі басу арқылы экран бірнеше секундта қағаз сияқты оралып кайта ашылады. Дисплей бірнеше мүмкіндікке ие. Мысалы, оны жартылай арап 21:9 өлшемінде көруге немесе плер есебінде пайдалануға болады. LG-дің жана оны осы жылдың соңында сатуға шығарылады.

Continental компаниясының робот иттері мен жүргізушісіз көліктері курьерлік қызмет көр-

сетуге арналған. Көліктер итер мен жіберілген жүкті керекті мекенжайға алып барады. Содан соң иттер жүкті көрсетілген есік алдына апарып, шақыру түймесін басады. Көрмеде жобаны журналистерге жеткізудің соңғы басқышы көрсетілген. Робот ит баспаздакпен көтеріліп, шақыру түймесін басқан және жүкті есік алдына қойған. Бірақ иттің жүрмеісін журналистерге ұнай қоймапты. Себебі робот мұның бәрін өте бауа істеген.

John Deere компаниясы көрмеге 20 тонналы комбайн ала келіпті. Машина «Интерстеллар» фильміндегі GPS орнатылған комбайндар сияқты жұмыс істейді. Жаңа технология егістік басында белгіленген жолдан 1 сантиметр де ауытқымайды. Сонымен бірге, комбайнға астық жинау сапасын бақылайтын екі камера орнатылған. Жұмыс істеу кезінде комбайн жердің жағдайы мен астық жинау процесі туралы ақпаратты жазып отырады.

Америка мен Қытайдың ForwardX Robotics компаниясы ұсынған дөңгелекті Ovis Suitcase

шабаданының ерекшелігі, оны сүйреп не көтеріп жүрмейсіз. Өзі автоматты түрде иесінің артынан жүріп отырады. Жасанды санаға не шабадан үнемі иесі бақылауда ұстайды. Сол арқылы оның артынан қалмайды. Кедергілерді айналып өтеді. Баспаздак не эскалаторға келіп қалған кезде автоматты режимін өшірудің қажеті жоқ. Шабадан тұтқасына қол созсаңыз жеткілікті. Онымен бірге сізге ақылды білезік беріледі. Білезік егер иесі шабадандан 2 метр алыстап кетсе, ескертеді. Алда-жалда жол сөмкенізді жоғалтып алсаңыз, білезіктегі GPS-трекер арқылы тауып алуға болады.

Француздың Helite компаниясы велосипедшілер үшін арнайы қауіпсіздік жастығын жасап шығарыпты. Ол велосипедшілерді жаракаттан қорғау үшін құлау кезінде бірден іске қосылады. Қауіпсіздік жастығының ішінде бір камера, велосипед орындығында екінші камера орнатылған. Сенсорлар жолаушының құлағанын бірден байқап, автоматты түрде қауіпсіздік жастығын іске қосады.

## 40/60 ҚАҒИДАТЫ НЕНІ МЕНЗЕЙДІ?

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы биыл мемлекеттік қызмет көрсетуші 152 фронт-офистің қызметін трансформацияламақ. Бұл электронды қызмет пайдалану деңгейін арттыру мақсатында қолға алынып отыр.

Корпорацияның баспасөз қызметі хабарлағандай бүгінде елімізде осындай 326 фронт-офис бар. Ондағы жұмыс аймағының 40%-і қызмет көрсететін операторларға тиесілі. Ал азаматтардың қызметті өз бетінше алу аймағы немесе connection point пен қоғамдық қолжетімді пункттердің үлесі 60%-ке жетуі тиіс.

– Болашақта қызмет алушылардың ынталандырылуы мен басқа да керекті құжаттарды осы принцип бойынша өздігінен алуын қамтамасыз етпектіз, – дейді корпорацияның басқарма төрағасы А.Оспанов.

2018 жылы азаматтар өз бетінше алған қызмет саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 млн-ға артып, 12 млн-ды құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне электронды үкімет порталында жұмыс істеу, 8 млн-нан астам адамның электронды қызмет пайдалануды үйренуі әсер еткен.

Айта кетейік, «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы өткен жылы 31,9 млн қызмет көрсетілсе, оның 16 млн-ы электронды форматта.

☞ «СБ» ақпарат.





## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

JOLSAPAR

**Өзінің 90 жылдығы аясында «Сыр бойы» газеті жаңа бас-тамаларды қолға алуда. Соның бірі – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» ма-**

**қалаларына үделі түрде үн қосу. Жеті аудан мен Қызылорда қаласы аумағында талай тылсым сырды ішке бүккен тарихи орындар мен ел ішіндегі елеулі деректерді оқырманға жеткізуді**

**мақсат еткен бұл бастама әуелі қасиетті Қармақшы топырағынан бастау алған еді. «Жолсапардың» бүгінгі жүгін арқалап газет тілшісі Дәулет Қырдан жолға шықты.**



«Қамыр ана» қорымындағы көне құлпытас.

### КЕШЕГІ МАЗАР – БҮГІНГІ БЕЛГІ

Мұнда ат басын бұрған Алаш баласы сондаймен мемнұдалаған Қорқыт баба кешеніне бас сұқпай өтпесі анық. Сапардың басын сол жерден бастадық. Руханият әлемінің бұлжы-мас дәстүріне сай құбылаға қарап тізе бүккен мұсылмандық ғұрыппен қол жайып, құран бағыштадық. Баба мұраларының ЮНЕСКО тізіліміне енуі ұзаған жыл үдесінде айтулы жаңалық болғанын жалпақ жұрт жақсы біледі.

Бұған дейін де сан мәрте табан тіреген кешенді аралап көріп, қобыздың ғажап үнін тағы бір рет естіп кетуге бел байладық. Гүлдеген үнге жан дүниенің терендей түссеніз, көз алдыңызға бабалар жүрген жолдың көрінісі келіп, тұла бойыңыз түсініксіз тылсымға берілетіні бар. Әлбетте, ол үшін кеуденіздегі құлақты түріп, көкірек көзіңізбен қарағаныңыз абзал.

Күн ұясына батар сәт. Бұлты аспан еңсені басқанмен, осы сапардың әуелісі бұған дейін бірде-бір рет барып көрмеген Қорқыт бабаның зиратына кадамды мақсат еткеніміз күш-жігерді еселеп тұр. Кешеннен әрі асып, көлікке отырған төртеудің бірі болып, мазарды бетке алдық. Алдымызда үйілген омбы қарды көріп, біраздан бері мұнда кісі аяғы баспағанын байқауға болады.

Мұндай уақытта аңшы қарасы да көрінбейді. Тек арагидік қансонарда шыққандар болмаса, – деді көлік тізгіндеген Азат Әділбеков.

Жол қысқарсын деді ме, мәліметке қаныға отырсын деді ме, тарихшы-өлкетанушы Айдынбек Іскендіров алысқа көз тастаған күйі білгенін ақтарып сала берді. Бәлкім, үйілген қардан олай-былай қашқан көліктегі үрейімізді басқысы келген болар. Аудандық газеттің редакторы Дастанбек Садық екеуіміз құлақ түре қалдық.

Негізі кенттен бастап, солтүстік-батысқа қарай 17 шақырым болады. Ал кешеннен шыққанда оңтүстікке қарай бет бұрып 1,5 шақырымды арта тастаймыз. Қорым үш кезеңді қамтиды. Сондықтан болар, жерлеу құрылыстары да әрқилы. Қазір сіздер мазар көреміз деп келе жатқан боларсыздар, бірақ

орны белгісіз. Тек жорамал ғана бар. Дария арнасынан тасығанда су шайған болу керек, – деді күрсініп.

Өттең, осындай мұраларды алып қалатын мүмкіндік болғанда ғой. Бір сәт үнсіз қалған төртеуіміз де жоқ жоғалтқандай кейіпте едік. Кешегі Кеңестік идеология да біздің тарихымызды жайдан-жай бұрмалады дейсіз бе?! Біз сол тарихымызға қаншалықты қанық болсақ, ұлттық рухымыз да соншалықты асқақ болады

тұспа-тұс келетін қорым негізі, – деді ол әңгіме арасында.

Түбі бір түркі халқы тәу етер Қорқыт бабаны әрбіріміз өзімізге тартатынымыз анық. Әйткенмен, тамырсыз тастың да тарихы бар. Сол ұлы мұрат жолында ұланғайыр атыраптағы әрбір тарихи орынның теренін зерделей алмасақ та, қал-қадірімізше талпынып келеміз. Тауелсіздік тізгінін өз қолына алған қайсар қазақ бұл ретте жыл сайын қадамын нықтап

анық. Өттеген-айымыз, айтулы жерлерде жол мәселесі алдымыздан қылаң беріп келеді. Тағы да оймен арпалыс.

Алдымыздан көл шықты. Ауыз толтырып, мақтауын келістіргенімізбен көлікте суды кешіп өтер ерекше қабылет жоқ. Арнадан ай-налып өтер жол іздеп, адам аяғы түспеген ақ мамықты басып, жанамалап салдық. Алдымыздан шырақшының баспанасы көрінді. Сонда-йдан менмұндалап күмбез тұр. Толқыныс та

айналага қарап тұрып:

– Бұл кісі Жаратқанға жалбарынып, не мені әулие қыл, не әулиені қасыма жерле деп сұрайтын көрінеді. Көрдіңіз бе, Алла тағала тілегін қабыл етіп, қасына бір емес, ондаған, тіпті онан да көп әулиені әкелді. Енді Ишандар пантеоны емес деп көріңіз, – деді.

Расымен, бұрын «Қамырдың қорымы» деп аталып кеткен қорым қазір осылайша әулие кісілердің қорымына айналды. Бір қызығы,

# Бабалар мұрасы –

...Кешегі еріген мұздың салдары болар, асфальт беті жылтылдап, көліктер таяғына сүйенген қариядай еппен келеді. Әлсіз-әлсіз алдағы көліктен озған автобустың ішінде бірде оңға, бірде солға қисайып, ой бөліне берді. Терезеден арқа-жоны кең атырап көрінеді. Шегіне жетіп болмайсыз. Тәйірі, бабалардың батырлығында шек жоқ қой. Ұлы даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен мына бізге аманаттап жеткізгенін айтамын. Ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын осынау атырапта өмір сүрген кешегі бабалардың ұлықтығы ше?! Апырай... Өз ойыммен өзім алысып, екі сағаттық жолды еңсердік. Қасиетті Қармақшы топырағына табан тигізіп, ондағы ағеден елге «ассалаумағалейкум» деп ене бардық.

Дәулет ҚЫРДАН.

және ел мүддесі де соншалықты биік болмақ. Міне, идеологияның түп-түқияны осында жатыр. Расымен жазық дала. Қар басқан аумақ. Аңызак жел оқтын-оқтын сексеуілдің басын қозғалтып, елең еткізеді. Әрі-беріден соң Айдынбек Айтбайлы қайта сөз алды.

– Мазардың мерзімі шамамен IX-X ғасыр. 1925 жылдан онырыла бастаған, ал 1952 жылы өзен арнасынан тасығанда су шайып кеткен. Бұл жерде зерттеулер жүргізілмеді емес, талай ғалым осы мақсатта аяқ басқан. Ә.Диваев, И.Кастанье, П.Лерх тәрізді ғалымдардың зерттеуіне негіз болған. Бізге «Түркістан альбомы» жинағында жарияланған фотосуреттер арқылы жеткен. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша құрылымы шікі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді алты-сегіз қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрінегімен нақышталған. Түптеп келгенде, түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Ал қазір бізде тек осы жерде болған деген белгі ғана бар, – деді ол белгіден көз алмай.

Тауелсіздігімізді алып, тарихымызды түгендеуді қолға алған тұста археолог Т.Мәмиев бастаған топ осында келіпті. Қорымдағы бейіттерді құжаттау-мерзімдеу шараларына кіріскен. Олардың зерттеуі нәтижесінде бейіттер топографиялық сыртқы бейнесі жағынан бірнеше типке бөлінеді. Ал мұндағы ұзын саны 76 бейіттің 43-тен астамы тас бейіттер қатарында белгіленген. Үстінде сағана орнына үйілген тас бар. Бірі бор жасайтын кара қоныр болса, енді бірі майда тас. Ал осындағы ерте кезеңдерде қойылған құлпытастарда алтын, жаппас, телеу, тама, жағалбайлы руларының таңбасы бейнеленіпті.

Қорқыт ата мазары маңынан берігірек бір шақырымға жетер-жетпес жер жүргенімізде кейінгі салынған бейіттердің арасынан атақты Төрөбай би Пышанұлының мазарының қасына таядық. Ойдағы сауалымызды түсіне керек, Айдынбек Іскендіров даыр жауапты ұсына қойды.

– Мұнда Төрәлі биден бөлек Уәли би, кейін қолжазбалары жойылып кеткен шешіріші-молда Іскендір, тағы басқа көптеген батыр-би бабаларымыз жатыр. Жанкент дәуірімен

келеді. Алдымен Ұлт көшбасшысы бастап, болашаққа бағдар алып, рухани жаңғыруға бет алдық. Енді, міне, «Ұлы даланың жеті қыры» санамалап жатырмыз. Бұл – түсіне білгенге, тереніне бойлай алғанға, мән-мағынасын ойлай алғанға үлкен ұғым. Жетпіс жыл боданда болып, ой-санамыз да тәуелдене бастағанда тар қапастан шығып, ұшан-теңіз далаға қарап, еркін екенімізді ойладық. Иә, биіктікті көкте самғаған қыранның қанатымен өлшейтін еліміз ғой, көзқарас көзжіегіміздің де кең ауқымда болуы сондықтан. Қорқыт баба мазарына барғандағы менің ойымдағы сан сауалға бір ғана жауап осы болды. Асқақ армандарға қол создық, енді сол орында алсаң игі...

Ой көші жылжи бере күн де ұясына батып баралы. Бүгінгі күннің бергені де мол еді. Баба мұрасын зердеге тоқып, құлағыма қобыздың үні келе тәтті ұйқының құшағына кете бардым...

### ҮШ ЖҮЗДІҢ ПІРІ БОЛҒАН МАРАЛ БАБА немесе ишандар пантеонында кімдер жатыр?

Осыған дейін сан мәрте Марал баба жайындағы деректерге қанық болғанымызбен, қорымда басқа қандай белгілі тұлғалар жатыр деген сауалды арнайылап уақыт бөліп, араламаса, жауапсыз қалдыруымыз заңдылық. Әйткені, мұнда Марал баба жатқан жоқ, бұл қорым оған дейін де болған. Сондықтан ишандар пантеоны деп тартып отыру қажет болды. Тағы да ереуіл атқа ер салғандай боп қамданып жолға шықтық. Нысана Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырымды бағындырып, Сартөбедегі кесенеге жеттік. Бүгінгі табан тіреу негізгі межеміз – осы.

Алдымыздан тағы да омбы қар шықты. Кіріп-кіріп еткізіп, шегелі дөңгелек аппақ қарды жарып өтіп келеді. Көлік жүрген қос аяқ із біз айтқан нысанға екелетіні анық. Біз елде жүрген жанбыз ғой, алыстан ат арытып келгендер жолсерік болмаса, адасып кетері



Шырақшы Бекболат Ерәлиев.

бар, үрей де бар. Бағытымыздың дұрыстығына сенімді болғанмен, өзіміздің дұрыстығымызды өзіміз бағамдай алмаймыз ғой. Аулаға тоқтап, үйге ендік. Жылы сәлемдесіп, қарсы алған шырақшымен әңгімеміз ә дегеннен жарасып, төрті бөлмеден бір-ақ шықтық.

– Мен Бекболат Ерәлиев деген азаматпын. Осында үш жылдың шамасы болды, шырақшымын. Отбасымымен осыданмын. Баба бейітінің басында қызмет қылып жүрген жайым бар, – деген жаннан тың мәліметті сұрай келе, дастарқан басына жайғастық.

Мұнда шырақшы болуы бекер емес, есімін Әміт Ишанұлы баласы Әлиаскар Бекболат деп қойыпты. Иә, кеңестік кезеңде тығылып намаз оқытын қазақ елдік қой, Марал баба Әлиасқарға аяны беріп, есімін осылай қонын тапсырған. Алайда ешкімге айтпай, ақырын Абай деген есімін Бекболат деп өзгерттірген екен.

Марал баба Құрманұлының елге жасаған жақсылығы мен шарапаты жетіп артылады. Алла тағаладан пәрмен келіп, «мәңгі орнығар мекенің» таңдау келген тұста, «Кіші жүз – менің туысым, осында каламын» деген екен атақты әулие. Әйткенмен, туған жерінде жан тапсырыпты. Аңыз әңгімеде қасына қалпелері мен бір топ туыстарын ертіп, күндердің күнінде Қостанай өңіріндегі кіндік қаны тамған мекенге сапарлапты. Туған жеріне жеткен соң бабамыз өзінің өмірден өтетінін айтып ескерттіп, «Мен өмірден өткенде ақ түйе келеді, менің денемді сол түйеге салып, сонынан еріндер» депті. Айтқанындай болады. Қонар жерге келгенде ақ түйе тоқтайды, ал Марал бабаның денесі қозғалады екен. Бұл – осында қонамыз деген белгі. Осылайша, алты рет қонып, жетіншісінде бабаның бүгінгі мазарының орнына келіп, ақ түйе шөккен екен. Осылайша, туған жерінде жан тапсырып, кіші жүздің елінде жамбасы жерге тиген.

– Бұл жерде Марал бабаға дейін де қорым болған, – деді бізге бұрын-соңды естімеген мәлімет келтірген шырақшы.

Байқасақ, алдымызға түсіп алып, қарға көмілген көктастың бетін аршып, ысқылап жатыр екен. Ондағы жазу көне тілде жазылған. Түсініксіз. Мұны бірнеше кісі келіп, оқыған. Алайда, көп адам мәніне жете алмапты. Самарканның көк тасы. Марал бабаға дейін осында жерленген адамдар.

– Өне, домалақ бейітті көрдің бе? – деді ол жанарымен нұсқап.

Көне екені көрініп тұрғанмен, кесегі мүжілмеген екен. Ғаламат. Құлпытасты байқамалдық. Бірақ дөңгелеге салып, үш бұрыштап қойған бейіттің әйел адамдікі екенін анықтаған. Алайда, қашан жерленген, кім екенін ешкім тап басып айта алмайды. Төрт бірдей есім қойылған. Әуелгісі, Қамыр ана дейді. Онан соң Айша ана дейтіні мүрде әйел адамдікі екені анықталып, есімі табылмаса қасиетті аналарымыздың есімін қояды екен. Домалақ ана дейтіні, бейіттің формасына қарай атайтыны. Жылауық ана дейтіні баласы мен ері тұтқында қайтыс болған соң, өмір бойы жылаумен өткен ана екені. Осылай деректер келтіріп айтып берген Бекболат Ерәлиев сәл үнсіздіктен соң үлкен қорымда

мұнда ерте кезден келе жатқан құлпытастар көп. Құлболды ишан бабамыз Марал бабаға:

– «Жатқан жерің сары төбе болады, айналаңда сексеуілден басқа ештеңе болмайды» депті. Сонда Марал ишан «Иә, солай екені рас. Алайда күндердің күнінде шырақшы болып маған бір бала келеді. Сол кезде тал да, гүл де келеді» деген екен. Кейде сол бала мен шығармын деген ой келіп, мұнда бірнеше ағаш етіп қойдым. Олар жапырағын жайқалтып, өскен сайын көңілім марқаяды, – деді Бекен.

Тағы бір деректерде Жәрімбет әулие, Марал ишан және Ер Сейітпенбет әулие үшеуі Сырдың бойында бас қосыпты. Сонда үш жүзге пір болған Марал баба әңгіме арасында:

– Әй, Сейітпенбет, жұрт сені «Ер Сейітпенбет» деп атайды. Әулие болсаң, айтысы, біз өлгенде қайда жерленеміз? – деп сұрайды.

Сонда Сейітпенбет ойланып тұрып: – Мен білсем, Марал, сен ел жайлаған суы мол елді мекенде қаласың, Жәрімбет, саған өзің тұрған осы таудың басы бұйырар, ал мен қиян шөлге жайғасармын, – деп жауап беріпті.

Айтқанындай-ақ, келеді. Марал баба айналасын көл қоршаған, сулы жерге жайғасты. Жәрімбет әулие «Қарақ» тауының басынан орын телсе, Ер Сейітпенбет те өзі айтқан жерге орнықты. Тағы бір нұсқаларда бұл қатарға Қармақшы атаны да қосады. «Елде қаласың, атын әлемге тарайды» деген екен. Қазір қартадан ойып тұрып, «Қармақшы ауданы» деген жазу тұр емес пе?!

Бала күнде естіген аңыздың бірі ғой. Әйткенмен, мұндағы ишандар мен ахундардың, қалпелердің қатарына келсек,



Қалқай ишанның қалпелі жатқан жер.



«Марал баба» мазары.



кей деректерде осында Марал бабадан тарайтын 88 мақсұм, 33 ишан жерленгені туралы айтылады. Өйткені, бір ғана Қалқай ишанның мазарының ішінде он алты адам жерленген және оның он бірі ишан болған көрінеді.

— Қауыс ишан, Оспан ишан, Есенбай қалпе, Әміт ишан, ел аузында Сары ишан атанып кеткен Мұсайыпхан ишан, Пірзада ишан, Қалқай ишан, Аралбай ишан, Мамырбай ишан, Құлжұмыр баба тәрізді тұғыры биік тұлғалар жатыр осында. Қалқай ишанның қалпесінің бейітін жақында тауып алдық. Сенесіз бе, 7-8 жасар қыз бала тапты. Оны наукастанып жүр деп Ақтөбеден ата-анасы алып келген. Бабаның басына қонып жүрді. Кенет Қалқай ишанның мазарының алдында отырған екі-үш адамды орнынан тұрғызып жіберіп, «арттарында ақ киімді ата қарап тұр. Құлпытасы мына жерде» деп бір жарым метр терендіктен қаздырды. Сол құлыптаста «Өмірге келген алам өлімнің дәмін татады. Алланың берген аманатын өзіне қайтарлық» деген жазу тұр. Оны да оқыған адам таппадық, Меккеден келген кісі оқып берді, — деді Қалқай ишанның қалпесінің бейітін көрсетіп тұрып.

Қалқай ишан — Марал ишанның баласы. Шын есімі — Қалмұхаммед. Бабаның Жам тауындағы Жалаңаяқ ұстазының шын аты. «Қасымда қалқайып жүрсін» деп Қалқай


алып, құран бағыштадық. Таяу барып қарағанымызда тура жүз жыл өмір кешкен екен. Марал бабадан соң есімін атасак та, осылай барғанды жөн санадық. Иә, қазақтың намысын ойлаған батыр ғой. Асқақ рухты оның да бойына Жаратқан сыйлаған. Осылай бабалар жолымен жүріп, тағы да даңғылға шықтық.

Ұлтжандылығы басым баба І Петр шақырғанда бармапты. «Шоқындырамыз» деп шөк басқан империяның алдында тізе бүкпеді. Керісінше, мешіт ашып, бала оқыта берді. Сол кезеңдердегі мешіттер қалмаса да, қазір орны бар, солай аталады. Мәселен, солардың бірі — Қарабалдың мешіті. Мұндай орындарға Қармақшы даласы кенде емес...

### ЖАУҒА ДА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТКЕН МЕКЕН

Мына алып далада кімнің қаны төгілмеді десенші...

«Бабамның қаны, анамның жасы, Сіңген бұл далам, қымбатсың маған» деп келетін Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне жазылған «Елім менің» әні құйқанды шымырлатады емес пе?! Қара жер талай сырды қойнауына бүткіп, үнсіз жатыр. Осы далада қазақтың хас батыры Жанқожа



Сортөбе қалашығы.

### ҚАСИЕТТІ ҚАРА ТӨС

Жосалыда өмірін ұсталықпен сабақтастырған Хамит Қарақұлов есімді азамат бар. Сонау 70-жылдардан бері қолынан балға мен төсті тастаған емес. Елге белгілі азамат іздеп барған бізге қасиетті қара төс жайында ерекше бір оқиғаны айтып берді.

— Жұмысқа келіп, шеберханамды ашсам мына төсті айнала жатқан бірнеше жыланды көрдім. Әдепкіде бойымды үрей билегенмен, есімді тез жинап, ағашпен тұрткілеп шығарып жібердім. Бұл көрініс бірнеше күн қайталады. Тіпті келушілер де босағадан қорқа аттайтын болды. Бірде шеберханамды ашып, ауызда сүйеулі тұрған ағашымды алып, әдеттегідей жыланды шығарып тастамақ болғам. Бірақ олар жоқ екен. Қуанып кетіп, жұмысыма кірістім. Күндер зулап, зейнеткерлікке шықтым. Бірде балғамды төске қоя бергенде әлдебір жұмсаққа тигенін байқадым. Қарасам, жылан екен. Балам екеуміз дереу алып, жақын маңдағы қорымға апарып тастадық. Келесі күні көршімнің жөндеуге әкеліп тастаған самаурыныңын шүмегін жөндеуге сарайға кіргенімде төс астында жатқан бағы жыланды көрдім. Тіпті, үйренісіп те қалдым-ау. Балам екеуміз тағы да шығарып тастадық. Қайдан естігенім білмеймін, бір күні үйге марқұм Аманкелді аға Ағытаев келді. Қасында өңі бозарған бала мен егде тартқан әйел бар. «Хамитжан, сен бізге өкпелеме. Сөзімізге де күлме. Қызымыздың дертіне еш жерден дауа таппадық. Сұрастыра келе сенің үйіңде өзін жұмыс істейтін, көптен келе жатқан төс бар екен. Төс деген киелі екенін сен білмейтін де шығарсың, айналайын, бізді сол төске апар, мына баламызды ұшықтатайық» деп ырымды жасап, ұшықтат кетті. Таңданғаным рас. Арда бір уақыт өткенде Аманкелді ағам алғысын айта келіпті. Сөйтсем, манағы бүлдіршін үйге барғанын құсып, терлеп, қатты ұйқыға келтіпті. Содан кейін тәуір болыпты, — деген Хамит аға төстің қасиетіне сонда ғана бойлапты.

Өзі жұмыс істеген «РТС»-тің шеберханасының есігін ақырын ғана ашып, әлгі

# Ұрпаққа ұлағат

атап кеткен. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың есімін қойған жан. Атақты Бұқар жырау әкесінің қазасына көңіл айтып келгенде:

— Көтер, Қалқай, басыңды, Айырып дос пен қасыңды, — деген өлең жолдар бар.

Мазардың төбесінде жанартылған тұсты байқап, себебін сұрап көрген едік.

— Қалқай ишан мазарының әкесінің мазарынан биік болғанын қаламаған. Сондай-ақ, әкесіне зиярат еткендердің кіргенін, ал өзіне кірмегенін қалаған жан. Тіпті, бір кездері сол төбе опырылып, есікті жауып қалған екен. Ішке ешкім кіре алмай, оның айтқаны орындалды. Алайда, кейіннен жаңғырту жұмыстарын жүргіздік. Қазір де есікті құлыптап қоямыз. Өйткені, оған да кісілер кіретін болса, онда оның дәрежесі әкесімен бірдей болар еді. Ишан соны мензеген, — деді шырақшы.

Қалқай ишан жоғары білімді болған. Тіпті Меккеден арнайы келіп, ұстаздыққа шақырғанда «Өзімің халқымды оқытқаным жақсы» деп, бармай қойған көрінеді. Айтулы діни медреселерді тәмамдаған.

Қорымда тағы байқағанымыз, көне құлыптастарда қошқармүйіз оюы бейнеленген. Бұл да өз алдына қызық жайт. Тарих толықнында тилысым жетерлік. Тіпті, кейде Марал баба мазарынан шыққан шұғыла қорымды айналып жүретін көрінеді.

— Бірде үй жақта жүр едім. Бабаның мазарынан аспанға тура тартқан жарықты байқадым. Жанына келіп қарадым. Құптан намазының уақыты еді. Иә, бұл бір керемет болды. Таңтамаша қалдым. Бұл кісілердің әулиелігінде шек жоқ қой. Одан бөлек кесененің төбесіндегі саңылаудан шыққан нұр желдің бағытына қарамай, осындағы бейіттерді аралап жүреді. Жаратқаннан тоғлған нұрды айналамен бөліскені ғой деп түсінемін, — деді Бекболат Ерліев.

Баба басынан шығып бара жатып, шырақшы атақты Бейсенбай әулие жайлы да сөз етті.

— Түріктің бір палуанымен шығар қазақ болмапты. Жауырыны қақпақтай батыр талайдың мойнын үзген екен. Бір күні Бейсенбай әулие Марал бабадан бата сұрай келіпті. Үш күн қатарынан келген оған бабамыз үшінші күні бата берген екен. Ертегіне үлкен тойда әлгі палуанды өзінен асыра лақтырған Бейсенбай оның мойнын үзіп, мерт қылса, өзі белден айырылып, еңбектеп қалыпты. Сонда Марал баба шығып: «Енді маған келген қай-қайсысың болмасын, берген сыйларыңның жартысын Бейсенбайға беріңдер. Алдымен Бейсенбай әулиеге барып, содан соң маған жол тартыңдар. Ал біз өмірден өткен соң, менің есімнен соң Бейсенбай әулиенің есімін қалдырмай атаңдар» деген екен. Ол кісінің бейіт де осы жерге таяу маңда орналасқан, — деді.

Көлігіміз қар үстінде сырғып келеді. Жолдың қарсы бетіне өтіп, төбе басындағы мазарға бет алдық. Әдеттегідей рұқсатын



Тықы батыр мазары.

Нұрмұхамедұлы қарақалпақтың батыры Тықының басын алған. Сонда қарақалпақтың қалың қолы тарыдай шашырап, бытырай қашыпты. Ал батыр мүрдесі сол жерде қалған.

— Ел аузындағы аңыз әңгімелерге сүйенсек, күндердің бір күні Жақайымның Жылқыайдар батыры үлкейген шағында балаларынан бөлек Аяққұм, Жаршағылда отырған жерінде қарақалпақ Тықы батыр үш жүз қолымен ауыл ішіне ұрланып кіріп, бейкам отырған елді түн ішінде барынан айырып, малын айдап кетеді екен. Осындай бір кезде Жылқыайдар батыр да қапыда ажал құшқан. Атақты батырдың өлімін әуағи ақ түйелі адам кейінде бір түнде үш жүзге хабарлап шығыпты. Жиналған халық жаназадан соң қарақалпаққа бет алады. Бұған дейін Сыр бойын жайлаған қарақалпақтарды Есет, Тольбай, Ақтан, Жанқожа батырлар қазақ жерінен көшіріп, Хиуаға апарып тыққан екен. Тықы батырды он жеті жастағы Жанқожа батыр жекпе-жекте шауып өлтіреді. Бытырай қашқан жау қолы қазақ даласында қалған Тықы батырын жерлеуге мұршалары келмеген соң, көмусіз қалған батыр денесін қазақ елі осылайша жерлеген екен, — деді тарихшы-өлкетанушы Айдынбек Айтбайұлы.

Міне, сол ескерткіш. Кекірейден оңтүстік-батысқа қарай 12 шақырымнан астам жерде орналасқан. XIX ғасырда салынған. Зерттеушілер 2011 жылы осында табан тіреп, зерттеу жасаған. Ақмамбет тақырының шығыс бөлігінде, құрғаған өзеннің батыс жағындағы жағадан орын тепкен. Күйдірілмеген кірпіштен салынған ескерткіште жақтаушалар мен тіреуіштерге сексеуіл бұталары қолданылыпты.

Иә, жауына да батырға лайықты құрмет көрсетер қазақтың бұл қасиеті басқалардың бойынан табылар ма екен?! «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ұлы даланың ұрпағының да өз заңдары бар. Бұл да адамгершілікпен астасқан рухани жарғының бірі болар...

### ДАРИЯНЫҢ БОЙЫНДА БІР ҚАЛА БАР

Жосалыдан Торетамға қарай бағыттап келе жатып, оң жақ беттегі қара жолға түстік. Батысқа қарай 12 шақырымды асуымыз керек. Көлік каналға жетіп тоқтап, әрі қарай жаяу барамыз. Осыдан бес-алты ай бұрын қара көрсетіп кеткен едік. Ол кезде белгілі археологтар Сейдалы Біләлов пен Әзілхан Тәжеевтер зерттеу жасап жатқан еді... Бүгінде қар астында қалған. Көктем шыға тарихи нысанға зерттеу жұмыстары келуі ғажап емес. Өйткенмен, көп нәрсе табылды. Көпірге келіп аялдаған жүргізуші «Ізлеген Сортөбелерің ось» дегендей сұраулы жүзбен қарады. Жүзіндегі жылы жымныстан «жақсы жеткіздім бе?» дегенді байқауға болады.


Мұнда келгендер әйтеуір бір тосын жайға кезігетіндіктен аумақты Сортөбе деп жергілікті халық атап кеткен. Өйтпегенде, топырағынан тұзы шыққан сорды байқамап едік. Қаланың үштен бір бөлігі ғана аман қалған. Төрт қабырғасы дүниенің төрт бұрышына қаратылып салынған қаладан төрт адамның мәйіті табылған.

— Қалашық қалдығы апатты жағдайда. Оның бір бөлігін Сырдария өзені шайып, қалашықтың сақталуына кері әсерін тигізуде. Археологиялық зерттеулердің басты мақсаты желел түрде қазба жұмыстарын жүргізіп, маңызды материалдарды анықтап, қала жөнінде толық мағлұмат алу, — деген еді зерттеу уақытында археолог Ә.Тәжеев.

Мұнда түрлі құмыра санықтары, нан жабуға арналған тандыр пеш пен мал сүйектерінен, мыстан жасалған басқа да тұрмыстық заттар табылды. Тарихшылардың айтуынша, б.з. VII ғасырда Арал маңы археологиялық кешені хакында қарастырсақ, Сыр өңіріндегі байланыстар төмендегідей аймақтарға бөлінеді: Оңтүстік Хорезм (солтүстік-шығысындағы мал шаруашылығымен айналысатын өңірмен тығыз байланыста болған афритид мәдениеті), Өмударияның оң жағалауындағы солтүстік Хорезм — Керлері аймағы (керлері мәдениеті), екі ауданға бөлінетін Шығыс Арал маңы: ежелгі Куандария мен Ескідариялық арналардағы Жетіасар кешені және қазіргі арнаға жақын, Сырдарияның сол жағалауындағы «батпақтағы қалалар» ауданы. Бұл аймақтар мен аудандардың барлығы тығыз мәдени және этникалық байланыста болған. Солардың қатарында біз әңгіме өзегіне айналдырып отырған Сортөбе де бар.

### АБЫЛАДАҒЫ ЖЕЛ ДИІРМЕН

Әлекеңмен біраздан бері таныспыз. Іргелегі Қармақшы ауылының әкімі Әлімбай Білжановты айтамын. Бү жолы да төтеннен кабинеттің есігін ашып кіре қалған бізге таңырқай қоймады. Ауданға келсе, редакцияның есігін еніп, өз ойымен бөлісе кететін азамат. Ауылға кіргенде, ең алдымен,



Жел діірмен.

ойымызға оралатыны — мұндағы жел діірмен.

— Жел діірменнің халықты аштықтан аман сақтап қалғанын хабарлармыз. Уақытында ел игілігіне жасалған дүние. Ауылдағы Алмағанбет Ысқақовтың басшылығымен салынғанын білеміз. Қазір осы жел діірменнің қасында балалық шағын өткізген қарияларымыз да жоқтың қасы. Білетіндердің «аттанып» кеткеніне де неше жыл, — деді ауыл әкімі.

Уақыт өткен сайын кешегі қат технология да қолданыстан шығып, орнын жаңалары басады. Бұл діірменнің салынуына 1940 жылы ауыл ұсталары Күсейін Мамыров, Әлінур Тәтібаев маңдай терін төкті деседі. «Діірменші Мамыров Қ» деп келтіреді кей деректерде. Бұл колхоз дәуірі мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұрмыс тауқыметін тартқан елдің қиындықты жеңуіне сеп болыпты. Араға уақыт салып, тозығы жеткен жел діірменді кейінгі ұрпаққа мұра ретінде 1980 жылы Ж.Алтынбасов қайта жаңғыртудан өткізген екен. Бүгінде көнерген кешегі күннің көмескіленген бейнесіндегі сондайды көрініп тұр. Өмір керуені деген осы да.

төсті сипап тұрып, терең күрсінді. Қолындағы балғасын төстің үстіне қойып, ұрғылап жатып: «Қимаймын! Мына төс, мына пеш пен мына балға, бәрі-бәрі маған ыстық. Анау ілулі тұрған май-май алжапқыш менің бар саналы өмірімнің күәсі» деді көңіл толқынысын жасыра алмай.


Одан бері де талай жан дертіне шипа іздеп, төстің қасиетіне бойлады. Сол құралмен жұмыс істеген Хамит Қарақұлов та кенде болған жоқ. Маңдай тері ақталды. «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалі мен Ленин комсомолының жоғары наградасы — «Үздік еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері атанды. Ал суреті орталық алаңдағы «Даңқ аллеясына» ілінді.

Иә, тарихтың талай сырын ішке бүккен өлке ақ мамыққа оранып үнсіз ғана жатыр. Тағы да оймен арналыс... Жүз шайыр шыққан өлкеден қалаға қарай тартып келеміз. Жазира жазық оала дидары маңғаз ғана қыс мінезін сезіреді...

Қармақшы ауданы.



Қамыр ана бейіті.



Темір ұстасы Хамит Қарақұлов.






Ядролық бомба жаппай қырып-жою қаруы саналады. Оны алғаш ойлап тапқан американдықтар тажал қаруын сынақтан өткізу үшін 1945 жылы тамыз айының 6-сы мен 9-да Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына тақтады. АҚШ-тың әлемдік үстемдігін болдырмау мақсатында Кеңес Одағы да атом қаруын жасауға кірісті. 1949 жылы Семей полигонында КСРО-ның алғашқы атом бомбасының сынағы жүзеге асырылды. Міне, сол кезеңнен бастап екі алып держава жойқын қару бойынша әлемге үстемдік жасауға ұмтылды.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басында АҚШ өз ядролық зымырандарын Түркия мемлекеті аумағында орналастырғанын білген КСРО басшылығы оған жауап ретінде ракеталарын Кубаға орналастырды. Бұл жағдай 1962 жылдың қазан айында үлкен шиеленіске алып келді. Әлем ядролық соғыстың сәл-ақ алдында болды. Ақыр соңында екі ел басшылары ақылға келіп, Түркия мен Кубадағы зымырандарын алып кетуге келісті. Осылайша ядролық соғыс қаупі сейілді. Бұл – тарихтағы баршамызға белгілі жайт. Ал осы жылдары небір жансақтықтар салдарынан талай рет ядролық соғыс қаупі төнгенін біз біле бермейміз. Төменде солардың біреуін туралы деректерді келтіріп отырмыз.



ӘЛЕМГЕ ҚАУІП ТӨНДІРГЕН ҚАТЕЛІКТЕР

енгізеді. Ойын бағдарламасында Кеңес жағы Америка бағытына жүздеген ракетаны ұшырады. Бірақ бұл офицер компьютердің орталық басқару аппаратымен бір жүйеде екенін білген жоқ. Ол ойын бағдарламасын қосып жібергенде орталықтағы компьютерлер Ресейдің атом бомбалары АҚШ бағытында ұшып келе жатыр деп Пентагонға дейін белгі берді. Кейіннен бұл жағдайда сенатор Чарльз Перси «барлығы да зымырандар көп ұзамай жетеді деген сенімде болды» деп еске алады.

Дереву барлық ракеталық шахталарға шабуыл жайлы хабарлап, зымырандарды жіберуге дайындалу туралы бұйрық берілді. Кеңестік бомбардировщиктердің жолын кесу үшін әскери ұшақтар аспанға көтерілді. Президенттік әуе командалық пункті орнын ауыстыру үшін ұшып кетуге дайын тұрды, бірақ Джими Картерді ешкім таба алмай қойды. Осы мезгілде әуе күштерінің қолбасшысы ақпаратты тағы бір мәрте тексеріп алуды жөн санап, радиолокациялық станцияларға хабарласып, не болып жатқаны туралы мәлімдеуді бұйырды. Олар бәрі жақсы, тыныш, күдік тудыратын ештеңе жоқ деп мәлімдеді.

Сол күні әйтеуір телефондардың дырсы істегеніне тәубе дейсің, осындайда.

ҮРЕЙ ТУДЫРҒАН ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРІБЕ

1995 жылы 25 қаңтарда Норвегия ғалымдары солтүстік шұғыланы зерттеу мақсатында ешқандай қауіп-қатері жоқ ракетаны ұшырады. Қырғи-қабақ соғыс кезеңі арта қалған болса да, ресейлік радар америкалық баллистикалық зымыранға ұқсас дүниені анықтағанда дүрбелен басталды. Мұндай жағдайға арналған нұсқамаға сәйкес сол кездегі президент Ельцинге АҚШ-қа жауап сөзін беру туралы шешімге келуге небәрі он-ақ минут уақыт берілген. Белгіленген тәртіпке сәйкес ядролық бомбадан ұдайы президенттің жанында болуы керек. Оны ашатын код тек президентке қана болады. Әйтсе де, Ельцин бұл хабардың растығына сені қоймайды, сондықтан да қызыл қипоканы басуға асыға қойған жоқ. Ал бірнеше минуттан соң ракетаның мұхитқа құлағаны, ешқандай зардабы болмағаны туралы ақпарат жетті. Кейіннен белгілі болғандай НАСА ғылыми мақсаттағы зымыран ұшырылатыны туралы 30 мемлекетке, оның ішінде Ресей де бар, хабарлаған екен. Алайда, оған тіпті де мән бермеген.

КҮН СӘУЛЕСІНІҢ КЕСІРІ

Кеңестік подполковник Станислав Петров 1983 жылдың 26 қыркүйегінде өзінің әріптесі ауырып қалғандықтан оның орнына «Серпухов-15» командалық бекетіне кезекшілікке шығады. Бұл қырғи-қабақ соғыстың ұшығып тұрған шағы. Бір жыл бұрын КСРО ғарыштық «Ока» дабыл жүйесін енгізген болатын. Міне, осы жүйе сол күні қауіп туралы сигнал түсірді, яғни АҚШ ракетасы бастағаны туралы ескертті. Протокол бойынша Петров өз кезегінде бірден Юрий Андроповқа мәлімдеуді тиіс. Ал бас хатшының жауап сөзін жасауға шешімге келуіне 10-12 минут ғана берілді.

Подполковник жағдайды сарайтай келе хабар беруге асықпады. Ол «Ока» жүйесі жалған сигнал түсірді деген шешімге келеді. Өйткені, АҚШ Кеңес Одағына соғыс ашатын болса, ракеталарды бір ғана базасынан ұшырып қоймайсыз енді. Сонынан оның күдігі толығымен расталды. Барлық кино сигнал қабылдағыштардан болып шықты. Бұлдан шыққан күн сәулесінің әсерінен қабылдағыштар жалған сигнал жіберген. Кейіннен бұл қауіп қалыпқа келтірілді.

Бұл оқиға талай жыл құпия болып келді. Кейіннен жария етілген кезде БҰҰ және басқа да шетелдік қоғамдық ұйымдар зейнеткер С.Петровты арнайы марапаттады.

ӘСКЕРИ ЖАТТЫҒУДАН ТУҒАН ҚАУІП

1983 жылы НАТО Еуропа аумағында үлкен әскери жаттығуын өткізді. Оның мақсаты Кеңес Одағы ракеталық шабуыл жасаған жағдайда оған тойтарыс берудің әрекеттерін қалыптастыру болатын. Ол кез КСРО мен АҚШ арасындағы салқындықтың қайтап тұрған шағы. Жаттығудың ауқымдығын АҚШ-тан 19 мың әскер жіберілгеннен-ақ байқауға болады.

Сол кезде микрофонды тексеру барысында президент Рейган «мен жана ғана КСРО-ны заңсыз деп таптым. Бомбалау бес минуттан кейін басталады» деген сөзге өзін қосып жіберді. Алайда, НАТО-ға мүше елдер КСРО барлау жүйесі өздерінің әскери құпия байланысын соншалықты бақылауда ұстап отыратынын хабарсыз болатын. Кеңес үкіметі әлгі хабарламадан кейін бірден жауап сөзін беруге дайындықты бастайды. Шұғыл түрде НАТО елдеріндегі құпия резиденттеріне қажетті нұсқауларын жібереді.

Бүгінде Андроповтың ядролық чехомандағы қызыл түйемшекті баспауына себеп болған екі версия айтылады. Оның біріншісі Ұлыбританиядағы агент Олег Гордиевскийге, екіншісі Кеңес жағына жұмыс істейтін ФРГ азаматы Штатиге байланысты. Олар құпия мәліметтерге қол жеткізіп, Еуропа жерінде жүріп жатқан дайындық бар болғаны әскери жаттығу екенін жеткізген.

«U-2» ҰШАҒЫ САЛҒАН ӘЛЕК

Куба дағдарысы асқынып тұрған 1962 жылдың 27 қазанында американдық «U-2» шпиондық ұшағы Солтүстік полюс маңына барлап қайту тапсырмасымен кезекті рет ұшып шығады. Үш жолын дұрыс анықтап отыру үшін пилот Чарльз Модби астрономиялық навигацияны пайдалануы тиіс болатын. Бірақ солтүстік шұғыланың әсерінен белгіленген курсынан жанылып, Кеңес одағының шекарасын кесіп өтеді.

Кеңес жағы оның қандай мақсатта ұшып келе жатқанын білмеді. Ол ядролық қаруы бар ұшақ болуы да мүмкін. Сол себепті аспанға бірнеше МиГ көтерілді. АҚШ жағы да өз тарапына ядролық қарумен жарактанған екі «F-102» истребителін жіберді. Оларға берілген тапсырма «U-2» ұшағын кері қайтару.

«В-59» СҮНГҮІР ҚАЙЫҒЫ


Дәл сол күндері Мәскеу АҚШ-тың Кубаны қоршаған блокадалық аймақта жүрген кеңестік сүңгуір қайықтармен екі аптадай байланысқа шықпау туралы тапсырма берген болатын. Басты мақсат – американдық кемелерге байқалып қалмау. Сол күні американдық «USS Beale» эсминсіне блокадалық аймақта су астында жүрген кеңестік «В-59» сүңгуір қайығының үстінен теренге тастайтын зарядтарды жаудыра бастады. Бірақ олар ұрыс жағдайында емес, жаттығуларға қолданылатын зарядтар еді. Олардың негізгі ойы сүңгуір қайықты су бетіне шығару болатын. Алайда, сүңгуір қайық командирі Валентин Савицкий оларды нағыз миналар деп түсінді. Ол тіпті екі ел арасындағы соғыс басталып кетті деген оймен борттағы ядролық торпедолармен қарсы жақтың кемелерін атқылауға дайындық жасауға тапсырма берді. Бұл жағдайда олар жоғарыдағы кемелерді жарып жіберетін және өздері де түрел қаза табатын. Тәртіп бойынша Мәскеумен байланыс жоқ кезде ядролық зарядты ату үшін қайықтағы лауазымы үлкен үш офицер бірдей шешімге келуі керек. Олар – командир, оның саяси істер жөніндегі орынбасары Иван Масленников және II рангалы капитан Василий Архипов болатын. Командир мен И.Масленников ату туралы шешімге келгенмен, В.Архипов қарсылық білдірді. Ол салқынандылық танытып, әріптестерін сабырға шақырды. Мәскеумен байланысқа шығу үшін су бетіне көтерілуге көндірі. Не керек, ақыр соңында сүңгуір қайық ешқандай тосын жағдайға килікпеннен елге аман-есен оралды.

В.Архипов флоттағы қызметін абырмын атқарып, вице-адмирал дәрежесінде зейнетке шығады. 1999 жылы өмірден озды. Сол уақыттағы құпия жағдайлар 2002 жылы Кариб дағдарысының 40 жылдығына арналған Гаванада өткен конференцияда ғана жария етілді. Сол кезде ғана әлем Архипов туралы естіп білді. АҚШ-тың бұрынғы қорғаныс министрі Макнамара сол күндері ядролық соғыстың тұтанып кетуіне сәл ғана қалғанын баяндады. Ал АҚШ-тың Ұлттық қауіпсіздік мұражайының директоры Томас Блэнтон «Василий Архипов есімді офицер әлемді аман сақтап қалды» деген пікір қалдырды.

Міне, атомдық қару айналасында осындай оқиғалар орын алған. Мақаланы оқыған оқырман жоғарыдағы оқиғаларда айтылған даталарды туған күні ретінде атап өтуіне де болар. Өйткені, осы күндері ғажайыптың арқасында ядролық апокалипсис жол берілмей аман қалды ғой.

Атом қаруын ауыздықтау – адамзаттың арманы. Осы орайда Қазақстан – жаппай қырып-жою қаруынан ерікті түрде бас тартқан әлемдегі алғашқы мемлекет екенін мақтан тұтатымыз. Елбасы Жарлығымен Қазақ жерінен ядролық қарулар алатыны, сынақ алаңы жабылды. Алайда, адамзатқа төнген қауіп-қатер толастамай отыр.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БИЫЛҒЫ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 26 желтоқсандағы Заңна орай «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 1. Әлеуметтік төлемдерді төлеушілер бірзандықпен: жекеше не тариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ҚР Салық кодексіне сәйкес, жеке практикамен айналысатын адамдар категориясына жатқызылды. 2. Әлеуметтік аударымдарды төлеушілер категориясы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің 774-бабына сәйкес бірінші жаңытқанды төлеуші болып табылатын жеке тұлға болып кеңейді. Бірінші жаңытқанды төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өз пайдалына өздері төлейтін әлеуметтік аударымдардың мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 20 пайызды құрайды. Бірінші жаңытқанды төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі – республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, Астанада – аилық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшері және басқа елді мекендерде аилық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшері болып табылады. 3. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӨСК) бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы ең жоғарғы объектісі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он еселенген ең төменгі жаалақы мөлшерінен жеті есе

дейін азайтылды. 01.01.2019 ж. бастап 1 МЗП = 42 500 теңге. 2019 жылы әлеуметтік аударымдардың ең жоғары мөлшері 3,5% \* (7 \* 42 500 теңге) = бір төлеушіден айына 10 413 теңгені құрайды. Бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ең төменгі мөлшері 1 ЕТЖ деңгейінде сақталып қалды. Сәйкесінше, 2019 жылы әлеуметтік аударымдардың ең төменгі сомасы 3,5% \* 42 500 теңге = айына 1 488 теңгені құрайды. 4. Еңбек ету қабілетінен айырылуы және асыраушысынан айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдердің мөлшерін анықтағанда қолданылатын орташа аилық табыстан шегеру мөлшері ЕТЖ-ның 80%-нан 55%-ға дейін төмендеді. 5. Бірінші жаңытқанды төлемді төлеушілер үшін әрбір айдағы табыс ең төменгі жаалақы деңгейіне жеткізіледі. Бұл бір айдағы табыс жүйесінің барлық қатысушылары үшін түскен әлеуметтік аударымдар негізінде ескерілмейді (505 / 3,5% әлеуметтік аударымдар ставкасы = 14 428 теңге қалалықтар үшін және 7 228 теңге – ауылдықтарға), ал 1 ЕТЖ құрайтын болады (2019 жылы 42 500 теңге) деген сөз, яғни қалалықтар үшін 4 есе ал, ауылдықтар үшін 6 есе ғартқан. Сонымен қатар, бірінші жаңытқанды төлемді төлеушілерге жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді төлеушілерге жеткізіледі. Бұл бір айдағы табыс жүйесінің барлық қатысушылары үшін түскен әлеуметтік аударымдар негізінде ескерілмейді (505 / 3,5% әлеуметтік аударымдар ставкасы = 14 428 теңге қалалықтар үшін және 7 228 теңге – ауылдықтарға), ал 1 ЕТЖ құрайтын болады (2019 жылы 42 500 теңге) деген сөз, яғни қалалықтар үшін 4 есе ал, ауылдықтар үшін 6 есе ғартқан. Сонымен қатар, бірінші жаңытқанды төлемді төлеушілерге жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді төлеушілерге жеткізіледі. Бұл бір айдағы табыс жүйесінің барлық қатысушылары үшін түскен әлеуметтік аударымдар негізінде ескерілмейді (505 / 3,5% әлеуметтік аударымдар ставкасы = 14 428 теңге қалалықтар үшін және 7 228 теңге – ауылдықтарға), ал 1 ЕТЖ құрайтын болады (2019 жылы 42 500 теңге) деген сөз, яғни қалалықтар үшін 4 есе ал, ауылдықтар үшін 6 есе ғартқан. Сонымен қатар, бірінші жаңытқанды төлемді төлеушілерге жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді төлеушілерге жеткізіледі. Бұл бір айдағы табыс жүйесінің барлық қатысушылары үшін түскен әлеуметтік аударымдар негізінде ескерілмейді (505 / 3,5% әлеуметтік аударымдар ставкасы = 14 428 теңге қалалықтар үшін және 7 228 теңге – ауылдықтарға), ал 1 ЕТЖ құрайтын болады (2019 жылы 42 500 теңге) деген сөз, яғни қалалықтар үшін 4 есе ал, ауылдықтар үшін 6 есе ғартқан.

ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАЙДЫ

Өңірде сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында бірқатар жоба жүзеге асып келеді. Өткен жылы «Ақменшіт – адалдық алаңы» жобалық кеңесі ашылды, «Адал ұнақ» еріктілер клубының облыстық штабы құрылды. Жаңа жылдан бастап қолға алынған бұл жұмыстар жүйелі жалғасын табуда.

Жуырда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті облыстық білім басқармасымен бірлесіп отырып, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде кездесу өткізді. Маңызды жаңылда аталған жобалық кеңесінің қызметі, оның негізгі бағыттары сөз етіліп, білім саласындағы жемқорлық түзекелері талқыланды. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарының басшылары қарамағайында қызметкерлерінің құқықбұзышылықтары үшін жекеледі жауапкершілікке тартылуы жөнінде келісімге қол қойды. Келісім негізінде тараптар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған жағдайда ҚР заңнамаларында көзделген тәртіпті және басқа да жауапкершілікті көтеруге, тамыр-таныстық фактілеріне және командалық ауысуға жол бермеуге, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға міндеттенді. Айтпа кету керек, Елбасы Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықтан ала өңірлер» жобасы аясында Астананың осы бағыттағы стратегиясы жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін өзге де аймақтарға тарату керектігін тапсырған болатын. Осыған байланысты жобалық кеңсе агенттік бастамасы негізінде облыс әкімдігінің қолдауымен ашылды. Бүгінде республиканың 7 аймағында мемлекеттік билік құрылымына деген азаматтардың сенімін арттыруды көздейтін «адалдық алаңдары» жан-жақты жұмыс жүргізілуде.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕТИСТІГІ

Облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты өткен жылғы қорытындылап, баспасөз конференциясын өткізді. Жиында сот төрағасы Бақытбек Елшібеков азаматтық істер жөніндегі сот төрелігін жүзеге асыру нәтижесін баян етті.

Шынар БЕКБАН

– Өткен жылы 4851 талап арыз, 125 азаматтық іс түскен. Ал, 22 азаматтық іс бітімгершілік келісімімен, 40 азаматтық іс медиация тәртібімен, 4 азаматтық іс партисипативті тәртіппен аяқталды. Нәтижесінде тараптардың медиацияға келіп, татуласуына байланысты 17 543 274 мемлекеттік баж кері қайтарылған, – деді Б.Елшібеков. Өткен жылдан Жоғарғы сот бастамасымен «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасы жүзеге асырылып келсе,

солардың бастысы – «Мінсіз судья» бағдарламасы.

Сот төрағасының мәлімдеуінше, соңғы жылдары сот тәжірибесінде қолданыла бастаған жаңғыртылған сот жүйесінің галымшор-ресурстары, сот процесінің қатысушылары СМС және электронды пошта арқылы құлақтандыру, «Сот құжаттарымен танысу», «Сот кабинеті», «Электронды шақыру қағазы» сынды бірқатар ақпараттық жетістіктер жұмысты едәуір жеңілдетуде.

АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙМАЙ ТҰР

Қызылорда қалалық №2 сотта былтыр атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Сот төрелігін жүзеге асыру қорытындыларына сүйенсек, барлығы 856 адамға қатысты 753 қылмыстық іс қаралып аяқталған (2016 жылы – 731 іс), 2017 жылмен салыстырғанда 8 процентке көбейген. 2017 жылы ҚР Қылмыстық процесіне қолданылатын қылмыстық сот ісін қағаз және электронды түрде жүргізуге мүмкіндік беретін «Қылмыстық сот ісін жүргізу» бабы енгізілді. Осыған сәйкес, былтыр 138 электрондық қылмыстық іс тіркелді. Өткен жылдың 12 айында өндірістен аяқталған 760 істен 580 адам сотты болды, 10 адамға сот үкімі қабылданды, ал 205 адам жөнінде қаулымен өндірістен тоқтатылды, оның 46 ісі медиация тәртібімен қаралды, – деді сот төрағасы Айбек Әбу.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

АРЗАН ЧИП ТУДЫРҒАН ДҮРБЕЛЕН

1980 жылы 3 маусым түнгі сағат екіде АҚШ-тың Әуе шабуылына қарсы қорғаныс орталығында штаттағы қызметкері прибор бетінен өзгерісті байқап қалды. Бұған лейтенант «ракета шабуылы 0» деп көрсетіп тұратын компьютер бетінде «2 ракета шабуылы» деп жазу тұрды. Үрей тудыруға осының өзі-ақ жеткілікті еді, келесі секундтарда прибор бетінде «220 ракета шабуылы» деген жазу шықты. Бүкіл Америка бойынша әуе дабылы қосылып, бортында атом бомбасы бар бомбардировщиктер бірінен соң бірі аспанға көтеріле бастады. Континентаралық баллистикалық зымырандар қондырғыларына дайын тұру туралы бұйрықтар берілді. Әлем он минуттай уақыт ядролық апокалипсис шегінде тұрды. Бақытқа орай, команда берілмей тұрып мамандардың біреуі ұшып келе жатыр деген ракеталардың радар бетінен еш көрінбегенін назар аударды. Дабылдың жалған екені анықталып, бомбардировщиктерге аэродромға қайтуға бұйрық берілді. Барлығы да «уффу» деп демдерін бір-ақ алды.

Жалған дабылдың себебін табуға үш күндік уақыт кетті. Барлығына кіші компьютердің ақаулы чіпі болып шықты. Бар болғаны 46 цент тұратын чип осындай дүрбелен тудырған еді.

ТЕЛЕФОН СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ АҚАУ

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғына таман американдық әуе қарулы күштері алыс қашықтықтан сигнал қабылдайтын радиолокациялық станциялар жүйесін жасап, іске қосады. Олардың негізгі міндеті кеңестік зымырандар ұшырылған жағдайда тез арада хабар беру болатын. Бұл станциялар арнаулы жүйе бойынша әуе қарулы күштерінің Небраскадағы стратегиялық орталығымен, сондай-ақ Вайоминг штатындағы әуе қорғаныс орталығымен және барлық ракеталық базалармен тікелей байланыста болды.

1961 жылдың 24 қазанында әуе қарулы күштері орталығы мен радиолокациялық станциялардың байланысы кенеттен үзіліп кетіп, әскерилерде абыр-жу басталды. Станциялармен резервтік жүйе арқылы да байланыс алмады. Мұнан соң кәдімгі қалалық телефон байланысымен хабарласпақшы болды. Ұзақ гуадоктардан басқа жауап болған жоқ. Әлдекім станцияларды жұр бетінен жоқ қылып жібергендей. Бұған бір ғана логикалық түсіндірме болуы мүмкін. Кеңес Одағы барлық радиолокациялық станциялар мен әуе шабуылы қорғаныс құштері орталығын бомбалап, енді өз ракеталарын Америкаға ұшыруға кірісуде. Ал оның соңы заманақырға әкеліп соқтырады. Тез арада стратегиялық В-52







Бағзы өткен өмір, далам Жырақ,  
 Фотоаппарат көзіңде бар ол біраз,  
 Бүгінге дейін Жемті қаз-қалыңда,  
 Қойлы ауыл, қорық-аяқ, қыр олдыман...



Суретті түсірген Болат Омарәлі.

OITÚTKI

## Бесіктің қадірі

Әлеуметтік желінің дәурені жүріп тұр. Бірақ сол желіде жүгенсіз кеткен небір дүниені көргенде көңіл құлазиды.

Айнұр БАТТАЛОВА

Жуырда «Инстаграмнан» қоқыс жәшігіне тасталған бесіктің суретін көріп, көпке дейін көңілім түсіп жүрді. Бәлкім, оны суретке түсіріп алып, жариялаған кісінің де мен секілді жүрегі ауырған шығар. Қас қылғанда сол суретті біреу «желекесінен» сүйреп әкеліп фейсбукте «жарқыратып» жіберіпті. Көпшілік сурет астына шошынған кейіптегі пікір білдіріп жатты. Расында, қандай қорқынышты көрініс десенсіз-ші?! Сол бесіктерді қоқысқа тастаған да өз қазағымыз ғой. Халқымыздың аса қастерлеп ұстаған мүлкі айдың күннің аманында осылай қадірсіз қалатындай не күн туды?!

Бесік – өмірге жаңа келген періште-сәбидің ақ отауы, ұлтымыздың ардақ тұтар асыл бұйымы. Ақ жаулықты аналарымыз бесікке үкі тағып, оны барынша күтіп-баптап ұстап, баладан балаға мұраға қалдырып отырғанын қалайша естен шығарып алдық екен?! Мүмкін бұл жірікпеншілік көрініс соңғы он жылдан астам уақыттағы «баланы бесікке бөлеуге болмайды, батыста олай екен, былай екен, мұның бәрі зиян» деп жас аналардың құлағына құйған дәрістің «жемісі» ме екен?

Шынында, бүгінде жас келіндер баланы бесікке бөлеуге құлықсыз. Себебін сұрасаныз, «дәрігер болмайды деп айтқан»



деп қысқа қайырады. Әлде, бесіктің қадір-қасиетін жас аналарымызға ұғындыра алмай жүрген өзіміз бе екен? Бесік – жоғарыда айтып өткеніміздей, нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Оны Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басымы көпшілігі пайдаланады. Тек әртүрлі үлгіде жасалады. Қазақ бесікті қарағайдан, қайыңнан иіп жасаған. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көпші-қонуға ыңғайлы болады. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры да осы. Бесіктің құрылымы балаға гигиеналық тәрбие беруге лайықталған. Өйткені арнайы орнатылған

түбек пен шүмек бала дәретін жайдырмайды. Шүмек қойдың асық жілігінен жасалатын болған және айрықша апақ болуы үшін сүтке қайнатып алған.

Бесіктің аспалы бесік деп аталатын түрі де бар.

Жалпы, ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп есептеген. Осыдан болса керек, бесікке қатысты түрлі тыйымдар мен ырымдар да көп.

Бесіктің ұрпақ үшін пайдасы ұшан-теңіз. Соның бірнешеуін айта кетсек, біріншіден, қол-аяғын ербестетіп, бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді. Екіншіден, баланың мазасыздығы ағаның

психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сәбиге беріледі екен. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыз болады дейді. Үшіншіден, баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әр түрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды екен. Төртіншіден, жоғарыда айтып өткеніміздей, сәбидің тұла бойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді. Сонымен қатар, бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Яғни, құрғақ болады. Ол – мықты денсаулық кепілі. Әрі аяқ-қолы сыптай болып өседі делінген. Оған қоса, бесік белгілі бір ритммен ғана тербеледі. Ол баланың жүйкесін бір жүйеге, тәртіпке түсіреді. Сондай-ақ, бесіктегі сәбиге ана әлділігі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың бойына ұлттық қасиет дариды екен. Одан бөлек, сәбиді сырттан келетін кері энергия немесе тіл-көзден сақтайды екен. Тізе берсек, бесік баланың өсіп-жетілуінде зор маңызға ие.

Төле би айтты деген мынадай бір әңгіме бар. Жоңғарлар шапқыншылығынан соң тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, үдере көшкенде, аяғы ауыр жас келіншек бос бесікті аркалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төлемен қатар келе жатқан кісі: «мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті аркалап келе жатқаны-ай», – дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», – деген екен. Ендеше, кең дүниенің есігін ашатын қасиетті бесігімізден жиіренбей, қадірін білсек екен.

## НАУРЫЗҚОЖАНЫҢ «НАЙЗАСЫ»

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «Атқа міну мәдениеті» тарауында жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болғаны жайлы айтылған.

Сара АДАЙБАЕВА.

Қамбар ата тұқымының қазақ үшін қадірі бөлек. Боз үйінің белдеуінде ат байланып тұрмаса, ішкен асы бойына сіңбейтін бағзы бабаларымыз «Адам жылқы мінездемесі» деген сөз қалдырыпты. Ұлттық ойындарымыздың көпшілігі де осы түлік түріне байланысты. Соның бірі – көкпар. Көкпар – көшпенділердің байырғы заманнан бері келе жатқан тұрғытқы-жауынгерлік ойын өнері. Бабаларымыз ұлттық ойын түрлерін жетілдіру арқылы әскери-жауынгерлік дайындыққа мән берген. Көкпардың түпкі шығу тарихы осыны меңзейді.

Қазақтың қай баласы болсын, «көкпар», «бәйге» десе, делебесі қозып, атойлап шығатыны бесенеден белгілі. Атқа құмарлық қанында бар қазақ үшін мереке саналады. Соңғы кездері облыстың ұлттық ат спорты өз деңгейінде дамып келеді. Сыр бойының намысын қорғайтын құрама сапында Жаңақорған ауданының жастары басым. Бұл өңірдің аттары мен спортшылары талай долада топ жарып жүр. Солардың бірі – Сыр өңірінің «Үздік шабан-доз» номинациясының иегері Наурызқожа Әмзеев. Ол өткен жылы ұлттық құрамаға «Найзасымен» енді.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Қысқасы, көкпарды жігіттің төресі тартады. Бүгінде елімізде жастардың ұлттық спорт түріне деген қы-

зығушылығы басым.

Наурызқожа да бала күнінен атқа мініп, алдыңғы буын ағаларына ерді. Кейін өзі де аттың бабын тауып, жасөспірімдер арасындағы көкпар ойынына қатысады. Баланың ептілігін байқаған облыстың ат спортының жаттықтырушысы Исламхан Боранбаев оны құрамаға шақырды. 2013 жылы Қарағанды облысында жасөспірімдер арасында өткен ҚР чемпионатына қатысты. Келер жылы чемпионат Жаңақорған ауданында өтіп, онда аудан құрамасы күміс жүлдені иемденеді. Наурызқожа осы долада атың епті болса, нәтижелі болатынына көз жеткізді. 2014 жылы жергілікті тұрғыннан «Найзаны» сатып алады. Асауға бас білдіру, үйрету жас балаға оңай болған жоқ. Бірақ епті жігіт тұлпардың тілін тапты. Күнделікті жаттығу жасап, біраз жетілдіріп, көкпар тактикасын үйретті. Қазақстан чемпионаттарына қатысып, жүлделі орын иемденді.

Бүгінде «Найза» талай долада топ жарып, тамаша ойын өрнегін көрсетіп келеді. Наурызқожаның айтуынша, бірде Талдықорған қаласында көкпар ойыны өте тартысты өтті. Сонда шабандоздың «Найзасына» Шығыс Қазақстан



облысының үш бірдей сәйгүлігі қарсы шыққан. Осы долада Наурызқожа қазандыққа үш мәрте салым салды. Бабы басым «Найза» осылайша азаматтың бағын үстем етті.

Әңгіме барысында Наурызқожа көкпар атының негізгі ерекшелігі туралы айтты. Бұл белгілер «Найзаның» бойында бар. Оның дене тұрқы жуан, тұяғы берік. Сонымен бірге «Найза» өте ақылды жануар. Иесінің әрбір қимылын түсініп, соған қарай әрекет етеді.

2015 жылы Орал қаласында ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы көкпар, тенге ілу, жамбы ату, ауларсыпақ спорт түрлерінен өткен жастар арасындағы ҚР чемпионаты өтті. Осы жарыста Найза «Үздік шабылдаушы ат» номинациясын жеңіп алады.

Көкпаршы жігіттің жаттықтырушысы И.Боранбаев «Найзаның» жеке-жеке әбден төселгенін, мықтылығын ерекше суреттеді. Ол Наурызқожалар басқа алама бағынбайды, тек егесінің айтқан тапсырмасын орындайды екен.



SERGEK

## Волейболшылар жеңімпаз атанды

Павлодар қаласында волейболдан 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында ҚР қысқы чемпионаты өтті. Жарыста қызылордалық волейболшылар 16 команданың арасынан алғашқы орынды иеленді.

Облыс құрамасы жартылай сында «Тараз» командасын 3:1 есебімен ұтса, ақтық сайыста «Жетісу» спортшылары 3:0 есебімен жеңіп, үшінші мәрте жеңіске қол

жеткізді. Бұған дейін осы жас ерекшелік бойынша шеберлік байқасын жүрген жерлестеріміз быттыр жазғы және күзгі чемпионаттарда екі мәрте чемпион атанған

болатын. Сондай-ақ, команда сапында шешелік Бекнұр Сайрамбек «Үздік ойыншы» номинациясын иеленді.

Өтепберген Әбдіраманов дайындайтын сырбайлық волейболшылардың ендігі мақсаты – Талдықорған қаласында өтетін көктемгі ел чемпионатында сәтті өнер көрсету.

## Шахматшыларда 12 медаль

Осы қалада 3-17 қаңтар аралығында шахматтан жасөспірімдер мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Дүбірлі долада облыс командасы 5 алтын, 4 күміс, 3 қола, барлығы 12 медаль олжалап, жалпыкомандалық есепте екінші орынды иеленді.

Жекелей сында классика бойынша Сұлтан Аманжол (14 жасқа дейін), Назерке Нұрғали (16 жасқа дейін) және Әсел Серікбай (18 жасқа

дейін) Қазақстан чемпиондары атана, Сақылжамал Бармағамбетова (18 жасқа дейін) күміс, Мейірхан Ақылжан (8 жасқа дейін)

қола жүлдеге ие болды.

Ал рапид бойынша Әсел Серікбай, Назерке Нұрғали, Сұлтан Аманжол күміс, Мейірхан Ақылжан қола жүлдеге қол жеткізсе, блиц бойынша Әсел Серікбай мен Назерке Нұрғали алтын медаль иеленіп, Мейірхан Ақылжанға қола жүлде бұйырды.

«СБ» ақпарат.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын 2019 жылдың 22 ақпан күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тердензек кенті, Абай Құнанбаев көшесі № 38.

Күн тәртібінде:

1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізім бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізімге сәйкес құрылтайшылар үлесінің бір бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізімге сәйкес қабылдау, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталын бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы.

2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі

ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Ағрарлық несиелік корпорациясы» АҚ-дан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2016 жылға дейін ашылған несиелік желісін ұлғайтып, несиелік ашу туралы және осы несиелік желісін кепіл мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Ағрарлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның алдындағы міндеттемелерді орындауы қамтамасыз етуге кепілге төмендегі мүліктерді қоюға және сот рәсімдерін сату құқығымен келісім беру туралы:

- Автокөлік ВА3 21703 139-23 (лада прора)

2013 жылғы, тіркеу № 596 АА 11, кепілге қоюға және сот рәсімдерін сату құқығымен келісім беру туралы;

- Серіктестіктің жеңіл автокөлігі «КИА»

2011 жылғы, тіркеу № КЗ 828 АО 11, кепілге қоюға және сот рәсімдерін сату құқығымен келісім беру туралы;

- Серіктестіктің «Eurasian Bank» АҚ-ның

депозиттік шотындағы жарғылық салымының 36

001 500 теңге ақша қаржысын кепілге қоюға,

акцепсіз шығыстан шығару құқығымен беру туралы.

3. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі

ЖШС-ның құрылтайшылары арасында несиелік

лимитін бөлу туралы.

4. «Ағрарлық несиелік корпорациясы» АҚ

арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа басы-

лымдағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту

туралы.

5. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС-на қызметтік қажеттілігіне байланысты екі дана жеңіл автокөлік және офистік жиһаздар, ортехникалар, конселярлық бұйымдар, т.б. алу туралы.

6. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның ВА3 21703 139-23 (лада прора) 2013 жылғы, автокөлігін «Ағрарлық несиелік корпорациясы» АҚ-дан кепілден босатып сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерін бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынғанын, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыныңды сұраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС ақпараты (БИН: 040 500 041 348)

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Құрылыс компаниясы ДСК» ЖШС 2019 жылдың 7 наурызында сағат 11.00-де Қызылорда қаласы, Махамбетов көшесі 55 үй, «Құрылыс компаниясы ДСК» ЖШС ғимаратында жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. 2017-2018 жылдардың қорытындысы бойынша есеп беру.

2. Келешекте «Құрылыс компаниясы ДСК» ЖШС дүние-мүлкін, нысандарын пайдалану және ұстап тұру мәселесі.

3. Өртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі мәселелермен 2019 жылдың 4 наурызынан бастап Қызылорда қаласы, Махамбетов көшесі 55 үйде орналасқан «Құрылыс компаниясы ДСК» ЖШС ғимаратына келіп, танысуға болады.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-49, 70-00-52

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақшаны қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.

Тел: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29168 Тапсырыс №19

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz